

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ
МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІ
«ӘЗІРЕТ СҰЛТАН» ҰЛТТЫҚ ТАРИХИ-МӘДЕНИ МУЗЕЙ-ҚОРЫҒЫ
ТҮРКІСТАН ҚАЛАЛЫҚ БІЛІМ БӨЛІМІ



ТУҒАН ӨЛКЕ ТАҒЫЛЫМЫ

I ҚАЛАЛЫҚ ЖАС ЗЕРТТЕУШІЛЕР АРАСЫНДАҒЫ КОНФЕРЕНЦИЯ
МАТЕРИАЛДАРЫ ЖИНАҒЫ

ТҮРКІСТАН-2025



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ
МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІ
«ӘЗІРЕТ СҰЛТАН» ҰЛТТЫҚ ТАРИХИ-МӘДЕНИ МУЗЕЙ-ҚОРЫҒЫ
ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ

«ТУҒАН ӨЛКЕ ТАҒЫЛЫМЫ»
I қалалық жас зерттеушілер арасындағы конференция материалдары
ЖИНАҒЫ

22 қазан, 2025 ж.

Түркістан-2025

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ
МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІ
«ӘЗІРЕТ СҰЛТАН» ҰЛТТЫҚ ТАРИХИ-МӘДЕНИ МУЗЕЙ-ҚОРЫҒЫ
ТҮРКІСТАН ҚАЛАЛЫҚ БІЛІМ БӨЛІМІ

Бас редактор: Н.М Дүкенбаев – «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы директорының у.м.а.

Бас редактордың орынбасары: М.М Тастанбеков – «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК директорының ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары

Редакция алқасы: Б.Байболов, С.Шәметов, А.Үркінбаева, Т.Оразов,
А.Тұрсынов, И.Джалишева, Т. Шайхиддинова

«Туған өлке тағылымы» І қалалық жас зерттеушілер арасындағы конференция материалдары. «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК, 22 қазан, 2025 жыл – Түркістан.

- Бұл жинақта туған жердің тарихы, жергілікті белгілі тұлғалар мен қайраткерлердің өмірі, археология, этнография, жәдігерлерді зерттеу, аймақтың туристік әлеуеті мен тарихи орындарды насихаттау бағыттарындағы жасаған мектеп оқушыларының ғылыми зерттеу жұмыстары топтастырылған.

- Ғылыми мақалалар жинағын шығару – жастарды ғылымға баулудың бір жолы. Музей-қорық атынан ұйымдастырылатын бұл шараның басты мақсаты оқушыларды жастайынан ғылыми ізденістерге шабыттандыру, сонымен қатар музей ісі мен музей коммуникациясын дамытудың басым бағыттарының бірі.

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	5
ӘБІЛХАСЫМ НҰРӨЛІ	
«Жұмабек Ташенов атындағы №23 ІТ мектеп-лицейі» КММ	
ТУҒАН ӨЛКЕ ТАБИҒАТЫ – ҰЛТТЫҚ БАЙЛЫҒЫМЫЗДЫҢ	
БАСТАУЫ	6
ҚҰРАЛБАЙ ҒАЛЫМ ДИНМУХАНБЕТҰЛЫ	
№ 34 жалпы білім беретін мектеп	
ЕСІМІ ҰРАН БОЛҒАН БӨРІБАЙ БАТЫР.....	10
НҰРБАЙ НУРИКАМАЛ	
М. Әбенова атындағы жалпы білім беретін мектеп	
ҚОЛ ДИРМЕНІНІҢ, ДЕНСАУЛЫҚҚА ТИГІЗЕТІН ПАЙДАСЫ	14
ӘЛІМБЕК ХАМЗА	
Жұмабек Ташенов атындағы №23 ІТ мектеп-лицейі	
ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТ АРҚЫЛЫ ТУРИЗМДІ ДАМУ-БОЛАШАҚҚА	
БАҒЫТ	20
ЖАҚСЫЛЫҚ ДАНАҚЫЗ	
А.Байтұрсынов атындағы №1 мектеп-лицейі	
ТҮРКІСТАН ӨРНЕГІ – БАЛШЫҚТАҒЫ БАБА МҰРАСЫ.....	24
ҚҰЛМАҒАНБЕТОВА ҒАЗИЗА	
Түркістан жоғарғы көпсалалы, қолөнер колледжі	
МУЗЕЙДЕГІ ӘШЕКЕЙ БҰЙЫМДАР: ЖҮЗІКТЕР	28
ӘЛІБЕК ЗАРИНА	
Түркістан жоғарғы көпсалалы, қолөнер колледжі	
ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҚОЛӨНЕР БҰЙЫМДАРЫ АРҚЫЛЫ ҰЛТТЫҚ	
МӘДЕНИЕТТІ НАСИХАТТАУ	31
ЗАЙНУТДИНОВ МУХАММАД-ШАРИФ, НОРМЕТОВА АМИНА	
№ 20 жалпы орта мектебі	
ТҮРКІСТАН КІШІ ЖАЗИРАСЫНДАҒЫ ШАҒА ЕЛДІ МЕКЕНІ ТАРИХЫ	
ЖӘНЕ ТАҒАЙЫН АТА ЗИРАТЫ	35
ФАЙЗУЛЛАЕВ РАМАЗАН	
Түркістан жоғарғы көпсалалы, қолөнер колледжінің	
ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫНДА ТУРИЗМДІ ДАМУДАҒЫ ҚЫЛУЕТ	
ЖЕРАСТЫ МЕШІТІНІҢ ОРНЫ	44
ЗАТАЙ РАЯНА	
№32 жалпы білім беретін мектеп	
ЕЖЕЛГІ ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫНЫҢ ТУРИСТІК ӘЛЕУЕТІ	48

ОРАЗӘЛІ НҰРИСЛАМ	
№32 жалпы білім беретін мектеп	
ӘЛҚОЖА АТА КЕСЕНЕСІ	52
ИБРАЕВ СЫРЫМ	
№32 жалпы білім беретін мектеп	
ӘЗІРЕТБЕРГЕНОВ ЖАРЫЛҚАСЫННЫҢ ӨНЕГЕЛІ ӨМІРІ – ЖАС	
ҰРПАҚҚА ҮЛГІ	57
Конференция фотолары	62

АЛҒЫ СӨЗ

Музей ісінің бір бағыты мәдени білім беру болса, екінші бағыты ғылыми зерттеу жұмыстары болып табылады. Музей-қорық құрылған күннен бастап балалар шығармашылығына байланысты көптеген мектепаралық, қалалық, облыстық, республикалық деңгейде сайыстар мен байқаулар және түрлі тақырыптарда жыр мүшәйраларын ұйымдастырып келеді. Осы сайыстардың арасында шоқтығы биік дәстүрге айналған сайыстың бірі «Ясауитану» республикалық білім байқауы. Байқау Ясауи хикметтерін жатқа айтудан өтеді.

Биыл алғаш мәрте «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы мен Түркістан қалалық білім бөлімінің мұрындық болуымен қаламыздағы мектеп және орта арнаулы оқу орындарының жас ғалымдарының басын қосып, «Туған өлке тағылымы» атты жас зерттеушілер арасындағы І-ші дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Ғылыми жиын 25 қазан – Республика күні мерекесіне орай ұйымдастырылды. Аталмыш ғылыми жиын келесі жылы қалалық деңгейде конференция ретінде өтетін болады. Болашақта жас ғалымдар конференциясының ауқымын ұлғайтып, қалалық, облыстық, республикалық деңгейге көтеру мәселесі қарастырылатын болады. Бұл өз кезегінде мектеп қабырғасында жүрген жас-жеткіншектерді ғылыми ортаға баулып қана қоймай, өзінің болашақтағы бағыт-бағдарын айқындауға үлкен септігін тигізері сөзсіз. Конференция жыл сайын дәстүрлі түрде еліміздің түкпір-түкпірінен келетін жас ғалымдар қасиетті қала - Түркістанда бас қосатын болады.

Жинақта «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы мен Түркістан қаласының білім бөлімі бірлесе ұйымдастырған І қалалық «Туған өлке тағылымы» атты жас зерттеушілер арасындағы конференция материалдары қамтылған.

Аталмыш жинақта оқушылар мен колледж студенттерінің бірнеше бағыт бойынша: *Өлке тарихы және тұлғатану* – туған жердің тарихы, жергілікті қайраткерлердің өмірі; *Мәдени мұра және музей ісі* – археология, этнография, жәдігерлерді зерттеу; *Туризм және өлкетану* – аймақтың туристік әлеуеті, тарихи орындарды насихаттау; *Әдебиет және фольклор* – жергілікті ақын-жазушылар шығармашылығы, аңыз-эпсаналар; *Табиғат және экология* – туған өлкенің табиғаты, экологиялық мәселелер мен оны қорғау бойынша өз ғылыми зерттеулері негізінде мақалалары топтастырылған.

Ғылыми мақалалар жинағын шығару – жастарды ғылымға баулудың бір жолы. Музей-қорық атынан ұйымдастырылатын бұл шараның басты мақсаты - оқушыларды жастайынан ғылыми ізденістерге шабыттандыру, сонымен қатар музей ісі мен музей коммуникациясын дамытудың басым бағыттарының бірі болып табылады.

Ұйымдастыру комитеті

ТУҒАН ӨЛКЕ ТАБИҒАТЫ – ҰЛТТЫҚ БАЙЛЫҒЫМЫЗДЫҢ БАСТАУЫ

Табиғат – адам өмірінің қайнар көзі, бар тіршіліктің тұрағы. Әр адамның туған жеріне, оның табиғатына деген сүйіспеншілігі — елге, жерге деген махаббаттың бастауы. Табиғатты аялау, оны қорғау – тек экологиялық емес, ұлттық және адамгершілік міндет. Туған өлкенің табиғатын зерттеу арқылы біз өзіміздің кім екенімізді, ата-бабамыздың жермен байланысын, өмір сүру мәдениетін тереңірек түсінеміз.

Негізгі бөлім

1. Туған өлкенің табиғи ерекшеліктері

Түркістан өңірі – табиғаты ерекше, тарихы терең аймақ. Мұнда шөл және шөлейт ландшафттармен қатар, өзен аңғарлары мен жасыл белдеулер де кездеседі. Сырдария өзені, Қаратау таулары мен Қызылқұм шөлі – осы өңірдің басты табиғи нысандары болып табылады. Өңірдің климаты – континенталды, жазы ыстық, қысы жұмсақ. Осындай табиғи жағдайлар егіншілік пен мал шаруашылығына қолайлы орта қалыптастырған.

Түркістан өңірі флора мен фаунаға бай аймақ. Мұнда жануарлардың көптеген түрі мекендейді: киік, қасқыр, түлкі, бүркіт сияқты аң-құстар экожүйенің теңгерімін сақтауда үлкен рөл атқарады. Өсімдіктер әлемі де ерекше – сексеуіл, жусан, жыңғыл, шөлге бейімделген өсімдіктер түрлері кең тараған. Табиғи нысандардың ішінде Отырар жазығы, Қаратау етегі мен Сырдария аңғары айрықша орын алады. Бұл аймақтар тек табиғи байлықтармен ғана емес, тарихи-мәдени мұраларымен де құнды.

2. Экологиялық мәселелер

Қазіргі таңда туған өлкенің табиғатына әсер ететін экологиялық қиындықтар баршылық. Адам әрекетінің нәтижесінде экожүйе өзгерістерге ұшырап, табиғи тепе-теңдік бұзылуда. Ең өзекті мәселелердің бірі – ауа мен судың ластануы. Қалалар мен өндіріс орындарының көбеюі атмосфералық ауа сапасына әсер етеді.

Елімізде өндіріс орындарынан, тұрмыстық қалдықтар жылына мыңдаған тонналап шығарылады. Қоқыстардың қоршаған ортаға тигізетін залалын айтып жеткізу қиын. Елімізде соңғы кездері сирек кездесетін дерттердің кең етек жаюы ғалымдардың айтуынша экологиялық ахуалдың нашарлауынан. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметінше, әлемдегі әрбір тоғызыншы адам ауаның ластануы кесірінен көз жұмады екен.

Тұрмыс қалдықтарының неше уақытқа дейін сақталып, ыдырайтындығына тоқталсақ:

Жеміс-жидек қалдықтары – 2 апта

Қағаз майлықтар – 1 ай

Темекі тұқылы – 2-10 жыл

Жөргектер – 30-40 жыл

Бір реттік ыдыстар – 100 жыл

Алюминий, пластикалық ыдыстар – 500 жыл

Шыны – 1000000 жыл

Батареялар – 2000000 жыл

Сонымен қатар, тұрмыстық және өндірістік қалдықтардың көптеп жиналуы экологиялық ахуалды күрделендіруде. Құрғақшылық пен климаттың жылынуы да табиғи ресурстарға қысым түсіреді. Жасыл аймақтардың азаюы экожүйенің биоәртүрлілігін төмендетіп, табиғи тепе-теңдікке зиян тигізеді.

Экологиялық мәселелердің тағы бірі – су ресурстарының ластануы мен тапшылығы. Сырдария өзенінің су деңгейі төмендеп, ауыл шаруашылығына қажетті су көлемі азаюда. Бұл жағдай экожүйе тұрақтылығына және халықтың тұрмыс сапасына кері әсерін тигізеді.

3. Табиғатты қорғау және экологиялық мәдениет

Туған өлкенің табиғатын сақтау – болашақ ұрпақ алдындағы қасиетті борыш. Экологиялық мәдениет пен табиғатты аялау сезімін бала кезден қалыптастыру қажет. Осы бағытта мектептер мен қоғам белсенділері бірігіп түрлі іс-шаралар ұйымдастыруы маңызды. Мысалы, «Жас эколог» үйірмелерін дамыту, экологиялық жобалар мен ғылыми байқаулар өткізу – оқушылардың табиғатқа деген жауапкершілігін арттырады. Мектеп ауласында және қоғамдық орындарда ағаш отырғызу, сенбіліктер өткізу, жасыл белдеулер құру – экологиялық мәдениеттің нақты көрінісі.

Экологиялық мәдениетті балаға бала-бақша кезден үйрету керек. Мектепке дейінгі балаларға табиғатты аялау туралы ой салар мультфильмдер мен фильмдер шығару мәселесін қарастыру қажет. Табиғатты, қоршаған ортаның барлық кереметін тануға мүмкіндік беретін музейлер болуы тиіс. Бұл мақсатта оқушылар сарайларын пайдалануға болады.

Экологиялық білім, ол тек бір пәнмен ғана шектелмеуі тиіс. Бұл барлық қоғам өкілдерінің, сарапшылардың, мемлекеттік органдардың, мұғалімдердің және ең бастысы ата-ананың жауапкершілігін қамтитын кешенді жұмыс болуы керек. Көптеген отбасыларда экологиялық тәрбиеге аз көңіл бөлінеді. Біз балаларды табиғатты сүйіп, қоршаған ортаға зиян тигізбеуге үйрету қажетпіз.

Сонымен қатар, су мен энергияны үнемді пайдалану, қоқысты сұрыптау, тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу сияқты қарапайым әрекеттер де табиғатты

қорғауға үлкен үлес қосады. Әр адам өзінен бастап қоршаған ортаны таза ұстауға атсалысса, еліміздің экологиялық жағдайы айтарлықтай жақсарады.

4. Экологиялық жобалар мен қоғамдық белсенділік

Соңғы жылдары Түркістан облысында экологиялық бастамалар белсенді дамуда. Мектептер мен жоғары оқу орындары экологиялық бағыттағы жобаларға қатысып, өңірдің табиғи жағдайын зерттеуде. Мысалы, «Жасыл Түркістан», «ЭкоТаза қала» сияқты жобалар жастарды табиғатты қорғауға баулиды.

Бұл жобалар тек табиғатты қорғау емес, экологиялық білім мен тәрбиені дамытудың тиімді тәсілі болып отыр. Мектеп оқушылары далалық зерттеу жұмыстарына қатысып, жергілікті өсімдіктер мен жануарларды бақылайды, климаттық өзгерістерге қатысты деректер жинайды.

Осындай тәжірибелік жұмыстар оқушылардың зерттеушілік қабілетін дамытып, туған жер табиғатына деген сүйіспеншілігін арттырады. Болашақта осындай жобалар көбейсе, қоғамның экологиялық санасы да жоғары деңгейге көтеріледі.

5. Қоқыс қалдықтарын пайдаға асыру.

Елімізде «ЕСО Раск» жобалары ұйымдастырылып тұруда. Эко-дорбалар планетамыздың экологиясын жақсартуға көп үлес қосады. Полиэтиленді пакеттерге қарағанда, табиғи матадан жасалған эко-дорбалар бірнеше айдың ішінде ыдырап, топырақты органикамен байытады. Осы сынды экологиялық науқандар Қазақстанның барлық өңірлерінде жүзеге асып қолға алынса, қоршаған ортаға біршама пайдасы тиер еді.

Бұл науқанның мақсаты – экологиялық мәдениет қалыптастыру, қоршаған ортаға құндылық ретіндегі қарым-қатынас орнату мен табиғат ресурстарын тиімді қолдануға назар аудару. Сондайақ, мектептерде, мекемелерде экологиялық фестивальдер, конкурстар ұйымдастырылып, қолға алынса экологиялық тәрбие қалыптасар еді. Мектептерде, оқу ордаларында «Жасыл мектеп» атты фестиваль ұйымдастырып, өсіп келе жатқан ұрпаққа насихаттау жұмыстарын жүргізіп, отансүйгіштікке баулу жұмыстары көптеп жүргізілу керек. Қоқыстарды сұрыптау мақсатында мектептерге қоқыс түріне қарай контейнерлер орнатылса, сұрыптау жұмысы да жеңілдейді. Пайдаға аспай қалған заттардан оқушылар арасында «эко заттар» байқауын өткізіп, қайта кәдеге жарайтын креативті бұйымдар, эко сөмкелер жасаса, оқушы қиялына ерік беріп, шығармашылық қабілеті арта түседі. Пластикалық бөтелкелер 300-400 жылға дейін ыдырамай, топыраққа, қоршаған ортаға зиян әкеп соқтырады. Сол орайда пластик бөтелкені қоқысқа тастағаннан гөрі, неге пайдамызға жаратпасқа?!

Туған өлкенің табиғаты – біздің ұлттық байлығымыз, рухани күшіміздің негізі. Табиғатты қорғау – бұл тек экологиялық шара емес, ұлттық сана мен мәдениетті сақтау жолы. «Туған жердің топырағы да киелі» деген сөз бекер

айтылмаған. Сондықтан біз өз өлкеміздің табиғатын зерттеп, қорғап, келер ұрпаққа таза әрі көркем күйінде аманат етуіміз қажет.

Әрбір азамат табиғатқа деген жауапкершілігін сезініп, өз туған жерінің экологиялық жағдайына бейжай қарамаса, еліміздің табиғаты көркейіп, халықтың өмір сапасы да жақсарады. Табиғатты қорғау – адамзат өркениетінің дамуы мен болашағының кепілі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Ахметова, Ш. *Экология және табиғатты қорғау негіздері*. – Алматы: Білім, 2021.
2. Мырзахмет, А. *Туған өлке табиғаты және экологиялық мәдениет*. – Түркістан: Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ баспасы, 2019.
3. *География: Оқулық*. 8–9 сыныптар үшін / Ред. басқ. Ә. Бейсенова. – Алматы: Мектеп, 2022.
4. Тұрсынова, Г. *Табиғатты қорғау – азаматтық парыз*. – «География және табиғат» журналы, №3, 2023.
5. Интернет көздері:
6. www.eco.gov.kz – Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің ресми сайты.
7. www.geography.kz – Қазақстанның географиялық қоғамының сайты.

Құралбай Ғалым Динмуханбетұлы
Жетекшісі: Әшімова Гүлназ Бейсенбайқызы
№ 34 жалпы білім беретін мектеп
Сыныбы: 9-сынып

ЕСІМІ ҰРАН БОЛҒАН БӨРІБАЙ БАТЫР

Еліміздің өткен тарихына көз салсақ, әлі де толық зерттеліп үлгермеген көптеген ақтаңдақтар көзге шалынады. Соның бірі – **Бөрібай батыр**. Бүгінгі жас ұрпақ өз елінің, жерінің тарихын, ата-бабаларының ерлігін білуі. Бөрібай батыр (1694 – 1760) қазақтың найман руының үлкен бір табына атын берген Қаптағай батырдың бесінші ұрпағы. Ол өз заманында әйгілі батырлығымен, әділ билігімен, қолбасылық өнерімен көзге түскен, ел басқарған көрнекті тұлға. Сол себепті, сол кезден бастап Бөрібай батырдың айтулы ақын – жырауларының жырларынан орын алғандығы белгілі.

Сары би басына бақыт, дәулет бірдей қонған, жолы оңды, жақсы кісі атаныпты. Сарының ұлы Бөрібай сейіл құрып далада жүргенінде «тұяғы ұзын қысырақ» душар болып, қызыр қонған қасиетті, дәулетті, жаужүрек батыр болады. **Бөрібай** әкесі өмірден өткенде іште қалған бала екен. Елі Қаржау, Барлыбай батыр: *«Бөрібай қияндықпен жетім өсті, Жоңғардан Найман үркіп, Бетпақ көшті»*, — деп айтқан екен. Жетісу облысының генерал-губернаторының көмекшісі Н.Н. Пантусов: «Бөрібай» деп ұрандаса болды. Бүкіл ел дүрлігіп, жиылып, бірігіп шығады. Бөрібайдың анасы сәуегей екен. Ұзақ мерзім ұл бала көтермей жүреді. Бір күні түс көреді. Түсінде: *«Бөрі арланының бауыры мен етін же! Сонда ұлды боласың! Баланың есімін «Бөрібай» деп қой! Бөрі арланындай (господин волков) қаһарлы «батыр», еліңе «мырза» болады»*, — деген Қызыр ата аян береді. Бөрібайдың анасы түсінде көргенін толық орындаған», — деп жазады. Жазбасы Ресей географиялық қоғамында хатталыпты.

Сары батыр 1688 – 1689 жылдары қазақ елшілігін басқарып Орыс еліне барғанда, Орыс өкіметі ұстап қалып, кейін босатқан деген тарихи дерек бар. Бұл жайды ел арасындағы шежіре жыр да растайды. Тарихшы ғалым Әбдікәрім Хасенов «Қазақ тарихының бес мың жылдық баяны» атты кітабында {Алматы. 1996 ж.} Бөрібай батырға қатысты бірнеше құнды деректер келтіреді. Бұл деректердің ішінде Бөрібай батырдың әкесі Сарыға байланысты деректер де бар. Сол жайында кітапта былай айтылады: «Қабай елшілігі 1690 жылы Ресейдің Тобольск қаласына барады. Олардың артынша бұл қалаға Бөрібай батырдың әкесі Сары мен бірге Қаптағайдың Көлдей атты мырзасы елшілік мәселесімен келеді.

Шекарада болып жатқан бұл бейбастық Тәуке ханға жеткен соң ғана іс оңға басып, Әз-Тәуке тарапынан Түрке бидің саяси жүгенсіздігіне тиым салынып, екі жақ келіссөзге кірісіп, арада бітімгершілікке келді. Тұтқындар жеті жыл өткенде барып қамаудан босатылды. Бірақ, тұтқыннан босатылғандардың арасында Сары мырза жоқ еді. Ол тұтқында жүріп, өмірден озған еді. Бөрібай батырдың әкесі Сары осылайша ел ісі үшін жанын пидә етіп, Тобольск қаласында қайтыс болды.

Жастайынан еті тірі, күші мығым, сөзі ширақ жас Шоңайға Бөрібай батырдың көзі түсе бастайды. Бөрібай батырға еш нәрседен сескенуді білмейтін, батыл, ақылды да айлалы Шоңай сияқты талапты жігіттің бойындағы қасиеттер ұнаса керек, ол оны жеке тәрбиесіне алады. Соғыс қимылдары жүріп жатқан шақтың өзінде де қазақ елінің өзіндік өмірі бір тоқтамағаны белгілі. Осы арада Бөрібай батыр Шоңайды кейде жиын – кеңеске ертіп апарып қатыстырып, ақыл – ойының кемелденуіне себепкер болып жүреді. Ер жігіттің сегіз қырлы болып қалыптасуын да ұмытпастан, Шоңайды балуан күресіне, мергендік өнері мен әр түрлі қарумен сайысу жарыстарына да қатыстырып тұрады. Шоңайға арнатып жеке сауыт – сайман мен қару – жарақ соқтырады.

Бөрібай батыр туралы деректерді Қабдеш Жұмаділовтың «Дарабоз» романынан да кездестіреміз {Шабыт баспасы, 1994 ж. 324 бет}. Онда: *«Алдағы шайқастың амал – айласын ойластырғанда, жасақта: Оразымбет, Байғозы, Сырымбет, Олжабай, Бөрібай, Жанай тәрізді соғыс өнеріне жетік әйгілі батырлар баршылық еді.* {4. Қ. Жұмаділов, «Дарабоз» 318 бет}.

Бөрібай батыр өзінің ұзақ батырлық өмірінде талай жас батырларға үлгі болып, олардың батырлық қасиеттерін шыңдауға өзіндік үлес қосқан батырдың бірі. Оны атақты Шоңай мен Ғайып батырларды Бөрібайдың өзіне тартып баулығаны, нәтижесінде қазақ халқы екі бірдей білікті де, алғыр батырларға ие болғаны куә. Бұл туралы ел ішінде аңызға айналған әңгімелерден Шоңай батырды Бөрібай батырдың қалай баулығаны туралы әсіресе көп айтылады. Шоңайдың белгілі батырға айналғаны, қазақтың көп батырына ұқсас келеді. Бөрібай батыр тәрбиелеген Шоңай мен Ғайып сияқты батырлардың қалыптасуы соның бір белгісі. Қазақ жырауларының толғауларында Бөрібай батыр мен оның ізбасарлары болған батырларды дәл сипаттайды.

Бөрібай батыр Шоңайдың батырлық қабілетін шыңдау үшін кей шайқастарда оған жасақты басқартады. Соғыс өнерінің қыр – сырына қанығып, әбден үйренгеннен кейін қолбасқарарлық дәрежеге жеткеннен кейін Бөрібай батыр жас Шоңайға ұрысқа Қаптағай жасағын бастап барасың деп сенім білдіреді. Шоңай Матайдың Қаптағай атасының жасағын бастап ұрысқа кіреді. Жасақта Бөрібайдан жауынгерлік тәрбие алған: Қара батырдың ұлы Тілеке де бар еді. Жастайынан ұрыс өнерін меңгеріп өскен сарбаздар жоңғарлардың жасағын бөгеп, ұрыс сала жүріп елге тиіскізбестен ел шетіне ығыстырып қуып шығады. Осы ұрыста Шоңай жасағы көп олжа түсіреді. Қазақ салты бойынша ең үлкен

олжа болған «Көкқасқа айғырдың үйірін» Бөрібай батырға арнап тартқызады. Ел ішінде осы күнге дейін «Бөрібай сыбағасы» деген жоралғы содан қалса керек. Бөрібай батырдан тәлім – тәрбие алған Шоңайдың батырлық ісінің шарықтау кезеңі оның Қабанбай батырдың қарамағына өтіп, оның тікелей басшылығына қараған кезі болды. Шоңай алғашында Қабанбай батырдың қол астында мыңбасы болады. Кейіннен түменбасы, Қабанбай қолындағы үлкен қолбасы болады.

Аңырақай шайқасында жеке ерлігін және ұйымдастырушылық қабілетін көрсеткендер арасында көптеген батырлар, билер, сұлтандар, рубасылары болды. Солардың арасында Бөрібай батыр мен ол баулып, тәрбиелеген Шоңай батыр да болды. Бөрібай батырдың тағы бір баулыған атақты батыры – ол Ғайып батыр.

Ғайып Алшын руынан шыққан екен. Кіші жүзден қалмаққа қарсы соғысқа келген жігіттердің қатарынан болса керек. Сондай қырық шақты жігіт Бөрібай жасағында соғысыпты. Осындай соғыс кездерінде Ғайып ерлік істерімен Бөрібай батырдың назарына түскен екен. Ол тіпті бір шайқаста Бөрібай батырдың өзін ажалдан аман сақтап қалған қас батырдың өзі еді. Егер Ғайып өйтпесе, басшысыз қалған жасақ, жасақ емес, аз уақытта тоз – тозы шығып, берекесі кетіп, бас – басына жөңкіле қашуға даяр тобырға айналары сөзсіз екені рас.

Бөрібай батыр тек қана жасақ басқарған қолбасы ғана емес сонымен қатар жоңғарлармен болған ұзақ соғыста Найман руының, сондай-ақ Жалайыр мен Қоңырат руларының үлкен бір бөліктеріне басшылық жасаған данагөй билеуші. Өмірінің соңғы кездерінде ол Қытай елімен болған арақатынасты жақсарту ісіне Абылай хан тарапынан тапсырма алған рубасының бірі. Қазақ хандығы мен Цин патшалығы арасындағы ресми қарым – қатынас Жоңғар хандығы ыдырай бастаған кезде бірте-бірте орнаған. Қазақ хандығы мен Цин патшалығының сауда қатынастары Абылай, Әбілпейіз, Қабанбай сынды қазақ хандары мен көсемдері және Қытайдың Цяньлун патша мен оның батыстағы шекара аймағына жіберген ұлықтарының аталмыш саудада атқарған еңбектері зор.

Қытай деректемелеріндегі мағлұматтарға қарағанда, аталмыш сауда қазақтың Бөрібай батыр сияқты рубасылары мен көсемдерінің бастамашылығымен басталған.

Қолжазба шежіресінде Мұсабек Атағозин: «Бөрібай батыр әйелдері: Алтын, бәйбішесі Бикен. Оны ел «Бікен» деп атаған. Бикен елі осы әйелден таралған ұрпақтар болады. Үшінші әйелінің есімі Жабай», - деп жазады. Бөрібай батырдың кіндігінен негізінде он сегіз ұл туған. *«Ел ырысы Бөрібай, жер тынысы Бөрібай, он сегіз ұл кіндіктен маңдайына беру-ай»* — деген ел ішінде нақыл сөз болған. Шежіре білгір Рахым Нұрахметов, Біркұрман Садақбаев деген даналардың айтуында: *«Бөрібай соғыс тактикасы мен стратегиясын жете меңгерген шебер қолбасы болған»*, — делінеді.

Бөрібай батырдың өз заманының ел билеген кемеңгер, өз ұлтының мүддесі үшін күрескен тұлғалардың біріне айналғаны сол кездегі ұлы тарихқа байланысты болды. Оның аты сол себепті өзінен бұрын өткен бабасы Матайдан туған Қаптағай есімі сияқты бүкіл Матай руының ұранына айналды. Ел ұранына айналған бұл есім де XVIII – ғасырда өмір сүрген нақты тарихи тұлға екендігі бүгінгі күні еш күмән туғызбайды.

Қорыта келгенде, тарихи деректерге жүгінсек, осындай бүкіл ұлт мақтан тұтар оқиғалар жеткілікті. Ендігі мақсат – Бөрібайдай бабалар есімін ұрпақ жадында жаңғыртып, тарихи деректер мен ауызша тараған әңгімелерді жүйелеп, болашаққа құнды еңбек қалдыру. Бұл – тарихшы ғалымдар мен жүрегі елім деп соққан барша ұлт жанашырларының мойнына жүктелген міндеті және жан-жақты іздестіру, кешенді зерттеу – жобаның басты мақсаты деп санаймын.

Еліміздің өткен тарихына көз салсақ, әлі де толық зерттеліп үлгермеген көптеген ақтаңдақтар көзге шалынады. Соның бірі – Бөрібай батыр жайлы деректердің аздығы. Сондықтан, бүгінгі күні тарихты саралар алдында біз қалайда Бөрібай сияқты батырды халықтың жүрегіне жеткізуіміз керек. Еліміздің тәуелсіздігі мен азаттығы үшін күрескен, асқан ер, кемеңгер тұлға – Бөрібай батырдың есімін елге танытып, бүгінгі ұрпақты елжандылық пен отансүйгіштік рухта тәрбиелеудің маңызы зор.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қ. Жұмаділов, «Дарабоз» 318 бет.
2. Өтепберген Ақыпбекұлы «Шоңай батыр», Қазақ батырлары, 1999 ж., 3 бет.
3. **Әбдікәрім Хасенов** «Қазақ тарихының бес мың жылдық баяны» атты кітабында (Алматы. 1996 ж.)
4. Мұхтар Мағауиннің «Аласапыран» атты тарихи романында, 1981 жылы, «Жалын» баспасында шыққан, (М. Мағауин, «Аласапыран», Алматы, «Жалын» 1981 ж. 213 бет.)
5. Ақтамберді жырау, «Бес ғасыр жырлайды», Алматы, «Жазушы», 1989 ж. 61 – 62 беттер.

Нұрбай Нурикамал
Жетекшісі: А. Самуратова
М. Әбенова атындағы жалпы білім беретін мектеп,
5 сынып оқушысы

ҚОЛ ДИІРМЕНІНІҢ, ДЕНСАУЛЫҚҚА ТИГІЗЕТІН ПАЙДАСЫ

Қол диірмені – қазақтың дәстүрлі шаруашылығында маңызды құралдардың бірі. Бұл жобада қол диірменінің этномәдени маңызы мен оның адам денсаулығына тигізер пайдасын зерттеу көзделеді. Дәстүрлі тұрмыстағы орны, ұмыт болып бара жатқан мәдени мұра ретіндегі құндылығы және қазіргі заманғы ғылыми зерттеулермен байланысы талданады.

Қол диірменінің тарихы ежелгі замандардан басталады. Бұл құрылғының алғашқы нұсқалары тас дәуірінде пайда болды. Археологтардың айтуынша, тас дәуірінде адамдар тас және ағаштан жасалған қарапайым диірмендерді пайдаланған. Қазақстан территориясында біздің заманымызға дейінгі VII-V ғасырларда пайда болған. Сақ, үйсін мәдениеттерінің қоныстарында табылған ең көне қол диірмендері қарапайым екі тас түрінде болды: Қол диірмені негізінен азық-түлік өндіруде қолданылды. Ол дәнді дақылдарды (бидай, арпа, тары) ұсақтауға арналған. Сонымен қатар, кейбір тұрмыстық азықтарды да қол диірменімен дайындауға болады, мысалы, күріштің қабығын алуға. Қол диірменінің құрылымы әдетте екі тас блоктан тұрады: жоғары тас (қозғалмалы) және төменгі тас (стационарлы). Жоғары тасқа дән салынып, оны айналдыру арқылы дәндер ұсақталады. Бұл процесс адамның физикалық күшімен жүзеге асырылады.

Дәстүрлі қазақ қол диірмені келесі негізгі бөліктерден тұрады:

Астыңғы тасжатық тас - қозғалмайтын 0 өлшем, аумақ өлшемі-50 см, жері 5-10 см.

Үстіңгі тас (жүгіртпе тас) - айналмалы үстіңгі бөлігі, астыңғы тастан сәл кішірек, дән салуға арналған конус өлшемі бар. Тас өзегі (кіндік) - астыңғы тасқа орнатылған темір немесе ағаш өзек, ол үстіңгі тастың ортасындағы қайта өтеді және айналу өсі қызметін қамтамасыз етеді.

Сап (тұтқа) - үстіңгі тасты айналдыруға арналған ағаш тұтқа, оның бір ұшы тасқа, екінші ұшы төбеге бекітілуі мүмкін.

Астау (науа) - ұнтақталған өнімді жинауға арналған ағаш немесе тас астау.

Тіреуіш (табан) - диірмен тастар тұратын ағаш немесе тас тіреуіш.

Жұмыс істеу принципі. Қол диірменінің жұмыс істеу принципі өте қарапайым, бірақ тиімді: Ұнтақталатын дәндер немесе басқа заттар үстіңгі тастың ортасындағы жерлерге орналастырылған. Тұтқаны қолмен айналдыру арқылы үстіңгі тас астыңғы тасқа қатысты айналмалы қозғалыс жасайды. Дәндер

немесе басқа заттар тастар арасында қысылып, ұнтақталады. Ұнтақталған өнім (ұн, талқан, т.б.) тастардың шеттерінен шығып, астауға түседі. Тастардың беттері арасындағы жинақталған ірілікті бақылауға мүмкіндік береді. Тастардың беті ерекше өзгертілген - оларда кішкене ойықтар немесе арналар жасалған, бұл тарту жақсартады және тастардың бір-біріне қатты жабысып қалуына жол бермейді. Отбасылық құндылықтардың символы [1].

Қол диірмені – қазақтың дәстүрлі тұрмысында маңызды орын алған еңбек құралы. Ол тек астық ұнтақтау құралы ғана емес, сонымен қатар халқымыздың мәдениеті мен әдет-ғұрпында белгілі бір символдық мәнге ие. Қазақ этнографиясы бойынша зерттеулерде қол диірмені тұрмыстық бұйым ретінде ғана емес, отбасы мен тұрмыс философиясының бір бөлігі ретінде қарастырылады. Әлкей Марғұлан – "Қазақтың халықтық мәдениеті мен тұрмысы". Бұл еңбекте қазақ халқының дәстүрлі шаруашылығы, тұрмыстық құралдары, оның ішінде қол диірменінің атқаратын рөлі мен маңызы сипатталған. Шоқан Уәлиханов – "Қазақтар туралы жазбалар". Мұнда көшпелі тұрмыс пен дәстүрлі шаруашылық құралдары туралы мәліметтер кездеседі. Халел Досмұхамедұлы – "Қазақтың халық медицинасы". Дәстүрлі тағам өнімдерінің адам денсаулығына пайдасы туралы ақпарат қамтылған. Қазақ ұлттық энциклопедиясы – "Қазақтың дәстүрлі мәдениеті". Мұнда тұрмыстық бұйымдар, оның ішінде қол диірменінің мәдени маңызы сипатталады.

Археологиялық және тарихи деректер: Қол диірмендері ежелгі көшпелі және отырықшы өркениеттерде кеңінен қолданылған. Археологиялық қазбалар барысында табылған қол диірмендері қазақ жеріндегі дәстүрлі шаруашылықтың ажырамас бөлігі болғанын дәлелдейді. Орта ғасырлардағы түркі халықтарының өмірінде де қол диірменінің маңызы зор болғаны жазба деректерден белгілі. Денсаулыққа пайдасы туралы зерттеулер: Қазіргі зерттеулер бойынша, қол диірменінде тартылған ұн құрамында табиғи дәрумендер мен минералдар көп сақталады. Өйткені тас диірмен дәнді баяу үгітіп, оның қоректік қасиеттерін сақтауға мүмкіндік береді. Мұндай ұнда жасұнық мол болып, ол ас қорыту жүйесіне оң әсер етеді. Ғалымдардың айтуынша, тас диірменде тартылған ұн өнімдері қандағы қант деңгейін тұрақтандырып, ішек микрофлорасын жақсартады. Қазіргі уақытта экологиялық таза тағамға сұраныс артып келеді.

Қол диірменімен тартылған ұн өзінің табиғилығымен және жоғары тағамдық құндылығымен ерекшеленеді. Өнеркәсіптік өңдеуден өтпеген ұн өзінің құрамындағы дәрумендер мен микроэлементтерді сақтайды.

Оның денсаулыққа тигізетін пайдасын бірнеше аспектіде қарастыруға болады:

Талшықтарға бай – Қол диірмені арқылы тартылған ұн құрамында кебек сақталады, ол ас қорыту жүйесін жақсартып, ішек жұмысын реттейді.

Құрамында маңызды дәрумендер бар – Табиғи ұн В тобы дәрумендерімен, темір, магний және цинк секілді микроэлементтерге бай.

Қант диабеті мен семіздікке қарсы әсері – Тұтас дәннен тартылған ұн қандағы қант деңгейін тұрақтандыруға көмектеседі, инсулиннің күрт жоғарылауын болдырмайды.

Қосымша қоспаларсыз табиғи өнім – Қол диірменімен тартылған ұн құрамында ешқандай химиялық қоспалар, өңдеу барысында қосылатын қант немесе консерванттар болмайды [2].

Қазіргі таңда көптеген зерттеулер қол диірменімен тартылған ұнның денсаулыққа пайдалы екенін дәлелдейді. Ғалымдар оның ішек микрофлорасына оң әсер ететінін, дәстүрлі ұнға қарағанда минералдарға бай екенін атап өтуде. Сонымен қатар, экологиялық таза өнім тұтынуға деген сұраныстың артуы, адамдардың қайтадан табиғи өнімдерге сұранысын тудыруда. Қол диірмені – қазақ халқының этномәдени мұрасы ғана емес, сонымен қатар, денсаулыққа пайдалы азық-түлік көзі.

Ұн үлгілерін дайындау:

Қол диірменмен тартылған ұн

Өнеркәсіптік ұнтақтау әдісімен дайындалған ұн

Зертханалық талдау:

1. Ақуыз мөлшерін анықтау

2. Көмірсу мөлшерін өлшеу

3. Минералдар мен дәрумендер мөлшерін анықтау (темір, цинк, В дәрумендері).

Қол диірмен мен зауыттық ұнтақтау әдістерінің айырмашылықтары, қол диірменмен тартылған ұнның химиялық құрамы (табиғи дәрумендер мен минералдардың сақталуы). Қол диірменмен тартылған ұнның құрамындағы талшықтардың асқорыту жүйесіне әсері, гликемиялық индексі төмен өнімдердің диабетке және салмақ реттеуге ықпалы, және қол диірменінде ұнтақталған өнімдердің дәрумендерге бай болуы және олардың ағзаға әсері тиімді, пайдалы. Әдетте тағамдардың дәмі мен текстурасы бай болады, себебі олар табиғи түрде дайындалады. Мысалы, қол диірменімен тартылған ұн нанның дәмін жақсарту мүмкіндігіне ие. Заманауи немесе өнеркәсіптік әдістерде кейде құрамындағы пайдалы заттар жоғалуы мүмкін, себебі өндіріс процесінде жоғары температура немесе химиялық заттар қолданылуы ықтимал. Таза және табиғи өнім алу, дәрумендер мен минералдардың сақталуы, асқорыту жүйесіне пайдалы.

Қол диірменін пайдаланудың артықшылықтары:

- Таза және табиғи өнім – ешқандай қоспасыз, толыққанды ұн.
- Дәрумендер мен минералдардың сақталуы – баяу ұнтақтау технологиясы қоректік заттарды сақтайды.

-
- Асқорыту жүйесіне пайдалы – тағамдық талшықтарға бай. Ұлттық мәдени мұраны жаңғырту – ата-бабамыз қолданған әдісті сақтап қалу.
 - Экологиялық таза және үнемді – электр қуатын қажет етпейді, көмірқышқыл газын шығармайды.

Қол диірменін жұмыс істеудің денсаулыққа тигізетін пайдасын анықтау үшін келесі аспектілерге назар аударуға болады:

Физикалық жаттығу.

Қол диірменмен жұмыс істеу бұлшықеттерді күшейтуге көмектеседі. Атап айтқанда, қол, иық, арқа және іштің бұлшықеттері жұмыс істейді. Бұл жүйелі физикалық жаттығу болып табылады және жүрек-қан тамыр жүйесіне де оң әсерін тигізеді.

Калорияларды жағу.

Қол диірменмен ұн тарту физикалық белсенділікке жатады, сондықтан ол калорияларды жағуға көмектеседі. Бұл артық салмақтан арылуға немесе салмақты бақылауда ұстауға көмектеседі.

Моториканы жақсарту.

Қол диірменмен жұмыс істеу қолдардың ұсақ моторикасын және үйлесімділігін жақсартады. Бұл әсіресе егде жастағы адамдар үшін пайдалы болуы мүмкін, себебі моторикасының жоғарылауы қартайғанда тәуелсіздікті сақтауға көмектеседі.

Қол диірменмен жұмыс істеу қолдың координациясы мен күшін арттырады. Бұл күнделікті өмірде қолмен орындалатын жұмыстарды жеңілдетуге көмектеседі. Қол мен саусақтардың қозғалыс үйлесімділігін жақсарту

Диірменді айналдыру саусақ, білезік және шынтак буындарының үйлесімді қимылдауын талап етеді. Бұл әсіресе қол моторикасын жақсартуға көмектеседі.

Буындардың икемділігін арттыру.

Қол диірменімен жұмыс жасау барысында шынтак, білек, иық және мойын буындары тұрақты қозғалыста болады. Бұл олардың икемділігін арттырып, буындардың қызметін жақсартады, артрит пен басқа да буын ауруларының алдын алуға көмектеседі.

Табиғи және таза тағам.

Қол диірменмен тартылған ұн табиғи және таза болып келеді, себебі ол өнеркәсіптік өңдеуден өтпейді. Бұл тағамды тұтыну денсаулыққа пайдалы болуы мүмкін, себебі құрамында қоректік заттар көп және зиянды қосылыстар жоқ.

Дәстүрді сақтау.

Қол диірменмен жұмыс істеу арқылы дәстүрді сақтау және мәдени құндылықтарды құрметтеу де денсаулыққа оң әсерін тигізуі мүмкін. Бұл психологиялық тұрғыдан адамның өзіндік ерекшелігін, тамырларын сезінуіне көмектеседі.

Қол диірменімен тұрақты жұмыс істеу тірек-қимыл жүйесін нығайтып, бұлшықет тонусын жақсартады, икемділікті арттырады және жалпы физикалық денсаулыққа оң әсер етеді. Сондықтан бұл құрал тек шаруашылықта ғана емес, денсаулықты жақсартуда да пайдалы.

Қол диірменін пайдалануды күнделікті физикалық белсенділіктің бір бөлігіне айналдыру, әсіресе буын икемділігін сақтау мен қол күшін арттыру үшін пайдалы болмақ.

Қол диірменде тартылған ұн табиғи әрі дәрумендерге бай болғандықтан, одан түрлі бетке арналған үй жағдайындағы маскалар жасауға болады.

1. Жұмсартушы және қоректендіруші маска

1 ас қасық қол диірменде тартылған ұн

1 ас қасық айран немесе қаймақ

½ шай қасық бал

Барлығын араластырып, бетке 15 минут жағып, жылы сумен жуыңыз.

2. Майлы теріге арналған тазартқыш маска.

1 ас қасық ұн

1 шай қасық лимон шырыны

1 ас қасық табиғи йогурт

Қоспаны бетке жағып, 10–15 минуттан соң жылы сумен шайыңыз.

3. Жаңартушы, қабыршақтан тазартатын скраб-маска

1 ас қасық ұн

1 шай қасық бал

½ шай қасық зәйтүн майы

Жеңіл уқалап, 5–7 минут бетте ұстап, содан кейін шайып тастаңыз.

Қол диірмен арқылы алынған ұн табиғи, өңделмеген күйінде болғандықтан, құрамындағы дәрумендер мен минералдар жақсы сақталады.

Құрамындағы пайдалы заттар:

В дәрумендері (В1, В2, В3, В6): теріні нәрлендіреді, жасуша алмасуын жақсартады.

Е дәрумені (токоферол): табиғи антиоксидант, қартаю белгілерін баяулатады, теріні сергітеді.

Магний мен темір: қан айналымын жақсартады, терінің табиғи түсін қалпына келтіреді.

Ақуыздар мен аминқышқылдары: тері жасушаларының қалпына келуіне көмектеседі.

Талшықтар (клетчатка): ұнды маска түрінде қолданғанда теріні жұмсақ тазартып, өлі жасушалардан арылтады.

Әсері:

Теріге табиғи қоректік заттар береді.

Қабынуды азайтып, ұсақ безеулердің алдын алады.

Теріні жұмсартып, тегістейді.

Қартаю процесін баяулатуға ықпал етеді.

Яғни, қол диірменде тартылған ұн тек асқа емес, табиғи косметика ретінде де қолдануға қолайлы [3].

Қол диірмен арқылы алынған ұн маска түрінде қолданылғанда теріні жұмсартып, жасушалардың қалпына келуіне ықпал етеді.

Қол диірменін қазіргі қоғамда пайдалану мүмкіндіктері

Қол диірмені – ежелден келе жатқан астық тарту құралы. Көптеген ғасырлар бойы бұл құрал ауыл шаруашылығы мен тұрмыста кеңінен қолданылып келді. Дегенмен, қазіргі заманғы технологиялардың қарқынды дамуына байланысты қол диірменінің маңызы біршама төмендеді. Соған қарамастан, бүгінгі қоғамда оның өзіндік орны мен бірқатар артықшылықтары бар.

Қол диірменінің артықшылықтары

Экологиялық таза құрал – Электр қуатын қажет етпейтіндіктен, қоршаған ортаға зиян келтірмейді.

Дәстүрлі өңдеу әдісі – Астықты табиғи күйінде сақтауға мүмкіндік береді, нәтижесінде өнімнің дәрумендік құрамы бұзылмайды.

Экономикалық тиімділік – Электр қуатының шығынын талап етпейді, сондықтан ұзақ мерзімді пайдалануға қолайлы.

Көп мақсатты қолдану – Қол диірмені арқылы түрлі дәндерді, тұз, кофе, жаңғақ секілді өнімдерді ұсақтауға болады.

Автономды құрал – Электр желісінен тәуелсіз жұмыс істейтіндіктен, ауылдық жерлерде немесе төтенше жағдайларда өте пайдалы.

Қазіргі қоғамдағы қолдану мүмкіндіктері

Төтенше жағдайларда қолдану – Табиғи апат немесе басқа да жағдайларда азық-түлік өндіруге көмектеседі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. "Қазақ халқының тұрмыстық бұйымдары" (балаларға арналған энциклопедиялар)

2. Дүйсенбаев К.Е., Әлімқұлова Н.Т., Сәрсенбаева Г.Б. (2019). Ұнтақтау процесінің антиоксиданттық белсенділікке әсері. Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ хабаршысы, 3, 78-85

3. Интернет ресурстары мен мақалалар. e-history.kz – Қазақстанның тарихи мұрасы туралы мәліметтер

Әлімбек Хамза
Жетекшісі: Абдраимова Асем
Жұмабек Ташенов атындағы №23 ІТ мектеп-лицейі
Сыныбы: 9 Г

ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТ АРҚЫЛЫ ТУРИЗМДІ ДАМУ-БОЛАШАҚҚА БАҒЫТ

Кіріспе. Бүгінгі таңда әлем елдерінің экономикалық және мәдени дамуының маңызды бағыттарының бірі — туризм индустриясын дамыту. Туризм тек табыс көзі ғана емес, сонымен бірге ұлттық болмысты әлемге танытудың тиімді тетігі болып отыр.

Қазақстан — бай табиғи ресурстарымен, тарихи және мәдени ескерткіштерімен ерекшеленетін мемлекет. Алайда еліміздің туристік әлеуетін толық пайдалану үшін ұлттық ерекшеліктерді айшықтайтын, заманауи талаптарға сай нысандар салу керек. Соңғы жылдары сәулет өнерінде ұлттық нақыштағы элементтерді пайдалану үрдісі кең өріс алуда. Бұл бағытта **киіз үй, домбыра, қобыз, торсық, астау** сияқты қазақ халқының дәстүрлі бұйымдарын жаңа стильде бейнелеу арқылы **этно-архитектуралық бағыт** қалыптасып келеді. Мұндай нысандар тек көз тартар сәулет туындысы емес, ел мәдениетінің символына айналып, туристер үшін ерекше қызығушылық тудырады. Туризмнің дамуы ел экономикасына ғана емес, жастардың ұлттық сана-сезімін арттыруға, мәдени мұраны сақтауға да зор ықпал етеді.

Сондықтан **ұлттық құндылықтар мен заманауи сәулет өнерінің тоғысуы** арқылы туризмді дамыту мәселесін зерттеу — бүгінгі күннің маңызды әрі өзекті тақырыбы. Осы тұрғыдан алғанда, бұл ғылыми жоба ұлттық болмысты сақтай отырып, оны заманауи технологиялармен және архитектуралық шешімдермен үйлестіру арқылы **елдің туристік беделін арттыруды** мақсат етеді.

Зерттеу жұмысының жаңалығы: Бұл зерттеу жұмысының жаңалығы — ұлттық құндылықтарды қазіргі заманғы сәулет өнерімен ұштастыра отырып, туризм саласын дамытудың жаңа бағыттарын ұсынуында.

Ұлттық нақыштағы сәулет идеяларының жаңаша қолданылуы.

Киіз үй, домбыра, торсық, қобыз, астау сияқты дәстүрлі нысандарды **заманауи 3D модельдеу және архитектуралық дизайн**да пайдалану

Бұл тәсіл ұлттық мұраны сақтап қана қоймай, оған жаңа эстетикалық және экономикалық маңыз береді.

Негізгі бөлім

Ұлттық құндылықтардың мәні және олардың сәулет өнеріндегі көрінісі

Заманауи сәулет өнерінде этноэлементтерді қолдану үрдісі

Ұлттың болмысын танытатын ең басты ерекшеліктердің бірі — оның ұлттық құндылықтары. Қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрі, тұрмыс мәдениеті мен қолөнер үлгілері бүгінгі ұрпаққа баға жетпес рухани мұра болып табылады. Ұлттық құндылықтар тарих парағында қалып қоймай, қазіргі заманғы сәулет өнері мен туризм саласында да өз орнын табуда.

Мысалы, **киіз үй, домбыра, қобыз, торсық астау** сияқты ұлттық бұйымдар — халқымыздың өмір салтының айнасы.

Бүгінде сәулетшілер осы нысандардың пішінін, өрнегін, түстер үйлесімін жаңа ғимараттар мен туристік нысандардың жобалау кезінде қолдана бастады. Мұндай тәсіл ұлттық рухты жаңғыртып қана қоймай, Қазақстанның туристік келбетін ерекше айшықтайды.

Соңғы жылдары еліміздің әр өңірінде **этно-архитектуралық бағыттағы жобалар** қарқын ала бастады. Мәселен, Түркістан қаласындағы жаңа ғимараттар мен демалыс орталықтары ұлттық нақыштағы өрнектермен безендіріліп, заманауи дизайнмен үйлестірілуде.

Мұндай ғимараттардың басты ерекшелігі — **қазақы оюлар мен пішіндердің заманауи архитектурамен тоғысуы**.
Мысалы:

- **Домбыра бейнесіндегі мәдени орталық** — ұлттық музыканы насихаттауға арналған заманауи кешен ретінде қарастырылады.

- **Киіз үй пішініндегі этноқонақ үй** — туристерге қазақ халқының тұрмысын заманауи жағдаймен бірге ұсынатын ерекше нысан.

- **Торсық бейнесіндегі демалыс аймағы** — ұлттық ыдыстарды заманауи материалдармен қайта жасау идеясы.

- **Қобыз формасындағы мәдениет сарайы** — дәстүрлі өнерді заманауи сахналық форматта көрсетуге бағытталған.

- **Астау бейнесіндегі саябақтар** — ұлттық элементтерді инфрақұрылыммен үйлестірудің мысалы.

Ұлттық сәулет өнері арқылы туризмді дамыту идеясы

Мұндай этносәулеттік нысандардың пайда болуы:

- ішкі және сыртқы туризмді арттырады;
- жаңа жұмыс орындарын ашады;
- ұлттық бренд қалыптастырады;
- мәдени мұраның сақталуына және жастардың ұлттық сана-сезімінің өсуіне ықпал етеді.

Әсіресе Түркістан қаласында осындай кешендердің салынуы өңірдің туристік тартымдылығын арттырып, шетелдік инвесторлар мен саяхатшылардың қызығушылығын тудырады.

Жоба мақсаты – ұлттық құндылықтарды сақтай отырып, олардың негізінде жаңа туристік орталықтар мен сәулет кешендерін салу арқылы өңірдің мәдени және экономикалық дамуын арттыру.

Түркістан облысы – еліміздің ең көне тарихи аймақтарының бірі. Мұнда Ясауи кесенесі, көне Отырар, Сауран сияқты тарихи ескерткіштермен қатар жаңа этно-инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыруға толық мүмкіндік бар.

Ұсынылып отырған «ЭтноТур.kz» жобасы аясында бірнеше нысан макеті дайындалды:

Киіз үй бейнесіндегі этноқонақ үй

Құрылыс материалы шындалған әйнек пен табиғи ағаш элементтері.

Ішкі безендіруде ою-өрнек пен жабық сәулесінің ойыны ұлттық нақыш береді.

Энергия үнемдейтін заманауи технологиялар қолданылады.

Домбыра пішініндегі өнер орталығы

- Ғимараттың орталық бөлігі — концерт залы.
- Домбыра мойны тәрізді бөлігінде көрме және интерактивті аймақ орналасқан.
- Кешен туристерге қазақ музыкасының тарихын таныстырады.

Астау бейнесіндегі мұз айдыны

Мұз айдыны астау пішінінде ойластырылған.

Ішкі жарықтандыру мен қабырға өрнектері ұлттық ою □ үлгілерінен алынған.

- Бұл нысан қыстық туризмді дамытуға бағытталған.

Торсық бейнесіндегі демалыс орталығы

Су қоймасы жанында салынатын туристік демалыс кешені

Торсық пішінін әйнек пен металл құрылымдар бейнелейді.

Ішкі аймақтарда этно-кафе, шеберлер орталығы, ұлттық киім дүкендері орналасады.

Қобыз пішініндегі мәдениет сарайы

Музыка, театр және би өнері бағытындағы заманауи сахнасы бар кешен.

Негізгі идея – қобыз үнін сәулет арқылы бейнелеу.

Қорытынды

Зерттеу нәтижесінде ұлттық құндылықтар мен сәулет өнерінің ұштасуы Қазақстанның мәдени туризмін дамытуда шешуші рөл атқаратыны дәлелденді.

Мұндай жобалар елдің халықаралық деңгейдегі туристік беделін көтереді және ұлттық болмысты жаңа тұрғыда танытады. Қорыта келгенде, ұлттық құндылықтар мен сәулет өнерінің тоғысуы — тек көркем идея емес, ол туризмді дамытудың, экономиканы нығайтудың және ұлттық бірегейлікті сақтаудың маңызды жолы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.Ә. *Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру*. – Астана, 2017.
2. Тоқаев Қ.К. *Әділетті Қазақстан – бәріміз үшін!*. – Астана, 2023.
3. Смайылова Г. *Қазақ халқының ұлттық мәдениеті мен сәулет өнері*. – Алматы 2018
4. Әбдіғаппар Р. *Қазақстандағы туристік аймақтарды дамыту жолдары*. – Түркістан: Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ баспасы, 2020.
5. Оспанова Л., Мұхамбетқалиева С. *Сәулет өнеріндегі ұлттық нақыш* Алматы: Өнер баспасы 2021
6. <https://okg.kz/post?id=38056&slug=turizmdi-damytu-zholdary-saralandy>
7. https://vestnik.turan-edu.kz/jour/article/view/661?locale=kk_KZ

ТҮРКІСТАН ӨРНЕГІ – БАЛШЫҚТАҒЫ БАБА МҰРАСЫ

Түркістан — түркі әлемінің рухани жүрегі, мыңжылдық тарихтың куәсі болған қасиетті мекен. Бұл өңірдің топырағы талай өркениеттердің ізіне толы, әр тасында, әр кірпішінде ұлт тарихының үні бар. Күлтөбе, Отырар, Шойтөбе, Сауран қалашықтарынан табылған балшық бұйымдары — ежелгі адамдардың өмір сүру мәдениетін, тұрмысын, сенімін және талғамын бейнелейді.

Ежелгі дәуірде балшық – адам өмірінің ажырамас бөлігі болды. Одан ыдыстар, шамдар, саз мүсіндер, тұрмыстық бұйымдар, тіпті ғибадатқа арналған заттар жасалған. Қолөнердің бұл түрі уақыт өте келе нағыз мәдени мұраға айналды. Түркістан өңірі де осындай балшық шеберлігі дамыған орталықтардың бірі болды.

Жобаның өзектілігі — көне дәуірден қалған қыш артефакттарының тарихи, мәдени және экономикалық маңызын анықтау, қазіргі заман талабына сай олардың қоғам өміріндегі орнын зерттеу. Бұл тақырып Қазақстанның рухани жаңғыру бағытымен тығыз байланысты, себебі ұлттық өнерді сақтау мен дамыту — ұлт болашағын сақтаудың кепілі.

Зерттеу әдістері

Зерттеу барысында келесі әдістер қолданылды:

1. Тарихи-талдау әдісі – археологиялық және этнографиялық деректер, музей қорларындағы жәдігерлер зерттелді.
2. Салыстырмалы әдіс – Түркістанда табылған артефакттар Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан аймақтарындағы ұқсас бұйымдармен салыстырылды.
3. Сапалық талдау – артефакттардың өрнектік мәні, көркемдік ерекшелігі анықталды.
4. Бақылау және сұхбат әдісі – қазіргі заманғы шеберлермен (қышшы, суретші, зергерлер) сұхбат жүргізілді.
5. Көрнекі деректерді жинау – музей экспозицияларындағы және интернет көздерінен алынған фотоматериалдар талданды.

Нәтижелер

Зерттеу нәтижесінде Түркістан өңірінде қыш бұйымдар жасау мәдениеті бірнеше мыңжылдықтар бойы үзілмей жалғасып келе жатқаны анықталды.

1. Ежелгі кезең:

Күлтөбе мен Отырар қалашықтарынан табылған ыдыстардың көпшілігі IX–XII ғасырларға жатады. Бұл бұйымдардың пішіні мен өрнегі ерекше —

кейбірінде өсімдік пен геометриялық оюлар бейнеленген. Сол дәуірде шеберлер ыдыстарды қолмен қалыпқа салып, күн астында кептіріп, кейін отқа күйдірген.

2. Ортағасыр дәуірі:

XIV–XV ғасырларда Түркістан аймағында қыш өндірісі дамыды. Қалалық базарларда жергілікті шеберлер жасаған ыдыстар мен құмыралар сатылған. Бұл дәуірде көгілдір және қоңыр түсті глазурь қолданылып, көркемдік деңгейі жоғары бұйымдар пайда болды.

3. Қазіргі заман:

Түркістан шеберлері ежелгі дәстүрді сақтап, заманауи элементтермен үйлестіріп келеді. Мысалы, қыш құмыраларға ұлттық өрнектермен қатар заманауи дизайн қосылып, кәдесый ретінде шетелдік туристерге ұсынылады. Бұл бұйымдар Түркістан туризмінің басты символдарының біріне айналды.

Қыш бұйымдар бүгінде тек тұрмыстық зат емес, мәдени брендке айналды. Олар «Made in Turkistan» белгісімен экспортқа шығарыла бастады. Бұл – ұлттық өнердің экономикалық пайда әкеліп отырғанының дәлелі.

Талқылау.

Қыш артефакттар – материалдық мәдениеттің ең көне куәгерлері. Балшық бұйымдардағы өрнектер кездейсоқ жасалмаған. Әрбір ою-өрнектің өз мағынасы бар:

«Күн» өрнегі – жарық, әділет пен өмірдің нышаны;

«Су толқыны» – өмір мен жаңару белгісі;

«Қошқар мүйіз» – байлық пен күштің рәмізі;

«Гүл өрнегі» – сұлулық пен ұрпақ жалғастығы.

Бұл өрнектер бүгінгі таңда да интерьер, керамика және киім дизайнында қолданылады.

Артефакттар арқылы қазақ халқының дүниетанымы, табиғатқа көзқарасы, сенім-нанымы көрініс табады.

Қазіргі маңызы:

Түркістандағы шеберлердің жұмысы тек қолөнер емес, ол – туризм мен экономикаға серпін беретін сала. Қыш бұйымдары шетелдік туристердің үлкен қызығушылығын тудырады. Көптеген меймандар Түркістаннан оюлы құмыралар мен сәндік табақшаларды сатып алып кетеді. Сондай-ақ, археологиялық табылған көне ыдыстар ғылыми тұрғыдан Қазақстанның мәдени тарихын зерттеуде маңызды дерек көзі болып отыр. Экономикалық тұрғыдан алғанда, Түркістанның кәдесый бұйымдары ішкі нарықта да, сыртқы экспортта да сұранысқа ие бола бастады. «Turkistan Handmade» және «Turkistan Art» атты шағын өндіріс орындары шетелге өнім экспорттауды қолға алды. Бұл – ұлттық өнердің бәсекеге қабілетті өнімге айналғанының нақты дәлелі. Қыш өнері тек заттық мұра емес, ол — рухани жаңғырудың көрінісі. Әр құмыра, әр өрнек бабаларымыздың жан

дүниесін, өмірге көзқарасын бейнелейді. Бүгінгі ұрпақ сол мұраны жаңа қырынан танып, өз еңбегі арқылы жалғастыруда.

Осылайша, ежелгі балшық өнері қазіргі қоғамның рухани әрі экономикалық дамуына тікелей үлес қосуда.

Ұсыныстар

1. «Түркістан қолөнер орталығын» құру — дәстүрлі және заманауи қыш өнерін біріктіретін ғылыми-шығармашылық орталық ашу.

2. 3D модельдеу және цифрлық архив – көне өрнектерді цифрлық форматта сақтап, жастарға қолжетімді ету.

3. Қолөнер туризмін дамыту – туристерге арнап «Қыш бұйым жасау» шеберлік сабақтарын ұйымдастыру.

4. Мектеп бағдарламасына «Ұлттық қолданбалы өнер» пәнін қосу, онда оқушылар қыш, тері, киіз бұйымдарын жасап үйренеді.

5. Шетелдік көрмелерге қатысу – Түркістан артефакттарын халықаралық деңгейде таныту.

6. Жергілікті бренд қалыптастыру – Түркістанның қолөнер өнімдерін «Turkistan Craft» белгісімен шығару.

7. «7 артефакт» Виртуалды Галерея. Қожа Ахмет Ясауи кесенесі, Арыстын баб кесенесі, Отырар күміс тиындары, Сауран сәулеті сияқты басты символдарды 3D форматта немесе толықтырылған шындық AR технологиясы арқылы көрсету.

8. «Түркістан – Түркі Әлемінің Кемесі». Халықаралық Фестивалі.

ТМЫК және NEAR мүше елдерінен қолөнер шеберлерін, өнерпаздарды, тарихшыларды шақыру арқылы мәдени алмасуды ұйымдастыру. Фестиваль түркі халықтарының ортақ мұрасын дәріптейді.

9. «Қазақстанның Жеті Кереметі» бағдарламасы.

Түркістанды ұлттық туристік бағдарламаның басты орталығы ретінде енгізіп, халықаралық нарықта күшейтілген насихаттау жұмыстарын жүргізу.

Қорытынды

«Түркістан өрнегі – балшықтағы баба мұрасы» жобасы арқылы біз өткен мен бүгіннің арасындағы алтын көпірді көреміз. Қыш артефакттар — ұлттың жаны мен рухының айнасы. Оларды сақтау – ұлттың тарихын сақтау. Түркістанның саз шеберлері ата дәстүрді жаңғыртып, заманауи технологиямен ұштастырып келеді. Бұл – ұлттық өнердің жаңа деңгейге көтерілгенінің дәлелі. Қорытындылай келе, балшықтан басталған тарих бүгінде ұлттық мақтанышқа айналып отыр. Бұл өнердің болашағы — жастардың қызығушылығында, ал сол жастар үшін мұндай жобалар үлкен шабыт көзі болмақ. «Түркістан өрнегі – балшықтағы баба мұрасы» жобасы — ұлттың өткені мен бүгінін жалғаған рухани көпір. Бұл зерттеу барысында ежелгі артефакттар тек тарихи жәдігер емес, ұлттың жаны мен болмысын сақтаушы мұра екені дәлелденді. Қыш бұйымдар – ұлт мәдениетінің айнасы. Әр өрнек, әр пішін адам мен табиғат арасындағы

үйлесімділікті көрсетеді. Түркістан топырағынан табылған қыш ыдыстар – ежелгі өркениеттердің үнін жеткізген үнсіз куәгерлер. Ал қазіргі заман шеберлері сол үнге жаңа ырғақ, жаңа дем беріп отыр. Бүгінгі таңда Түркістандағы қыш өнері мәдени индустрияның қозғаушы күші болып отыр. Ол – туризм, ұлттық бренд, шығармашылық экономика және білім саласымен тығыз байланысты.

Мысалы:

Туризм саласында қыш өнімдері қала имиджін қалыптастырады;

Экономикада отандық өнім мен шағын кәсіпті дамытады;

Білім саласында оқушылар мен студенттерге шығармашылық қабілеттерін ашуға мүмкіндік береді;

Рухани салада ұлттық мақтаныш сезімін күшейтеді. Жобаның нәтижесі көрсеткендей, балшық бұйымдары — көне мәдениеттің жалғасы ғана емес, жаңа заманның инновациялық өнеріне айналып отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әбдіразақов, Қ. Қазақ қолөнері: дәстүр мен жаңғыру. – Алматы: Санат, 2018. – 256 б.

2. Нұржанов, А. Түркістан тарихы мен мәдени мұрасы. – Түркістан: ХҚТУ баспасы, 2020. – 312 б.

3. Байпақов, К.М. Отырар өркениеті және археологиялық зерттеулер. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 284 б.

4. Ермұхан, Б. Қазақстан археологиясы. – Алматы: Білім, 2017. – 340 б.

5. Сұлтанбекова, Л. Қыш өнері және ұлттық мәдениет. // Мәдениет және өнер журналы. – 2021. – №4. – 45–50 бб.

6. Қазақ Ұлттық музейі. Музей қорындағы Түркістан аймағы артефакттары туралы каталог. – Астана, 2022.

7. UNESCO. Silk Roads: The Routes Network of Chang'an-Tianshan Corridor. – Paris: UNESCO Publishing, 2019. – 187 p.

8. Nazarbayev, N. Rukhani Zhangyru: Course Towards the Future. – Astana: Akorda Press, 2017. – 64 p.

9. Toktarov, A. Traditional Pottery of Central Asia: History and Symbolism. – Tashkent: Art Studies Institute, 2018. – 210 p.

10. Түркістан облысы музей-қорығы. Күлтөбе және Шойтөбе археологиялық ескерткіштері туралы ғылыми есеп. – Түркістан, 2021. – 75 б.

11. Abdrakhmanova, S. Kazakh Ceramics: Past and Present. // Central Asian Cultural Heritage Journal. – 2022. – Vol. 5, №2. – P. 33–47.

12. Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі. «Қолөнер – ұлттың рухани коды» бағдарламасы бойынша есеп. – Астана, 2023. – 58 б.

13. Akhmetova, G. Turkistan Crafts as an Economic and Cultural Brand. // Kazakh Tourism Review. – 2024. – №1. – P.

МУЗЕЙДЕГІ ӘШЕКЕЙ БҰЙЫМДАР: ЖҮЗІКТЕР

Музейдегі әшекей бұйымдар: жүзіктер

Әшекей бұйымдар – қазақ халқының мәдени өмірінде маңызды орын алған материалдық және рухани мұраның бір бөлігі. Солардың ішінде **жүзік** – әйелдердің әсемдігін арттырып қана қоймай, әлеуметтік мәртебесін, тектілігін, тұрмыс деңгейін, тіпті наным-сенімін білдіретін ерекше бұйым саналады. Музей қорларында сақталған жүзіктер – халқымыздың зергерлік өнерінің биік деңгейін дәлелдейтін баға жетпес жәдігерлер.

Жүзіктің мәдени мағынасы

Жүзік – қазақ әйелдерінің ең сүйікті әшекейлерінің бірі. Ол көбінесе күмістен жасалып, алтын жалатылып, асыл тастармен безендірілген. Ежелгі сенім бойынша күміс адамның бойындағы теріс энергияны тазартушы металл деп саналған. Сондықтан күмістен жасалған әшекейлерді әйелдер ғана емес, кейде ер адамдар да таққан.

Жүзіктің түрлері мен қолданысы

Қазақ халқының дәстүрінде жүзіктің бірнеше түрі бар:

- **Құдағи жүзік** – үлкен, сәнді, көп тасты болып келеді.
- **Тұмар жүзік** – көз тиюден сақтайды деген наныммен тағылған.
- **Белгі жүзік** – кей өңірлерде белгілі рудың немесе әулеттің белгісін білдірген.
- **Келін жүзігі** – келінге сыйға берілетін, отбасының мүшесі екенін білдіретін әшекей.

Құдағи жүзік -таза күмістен даярланып, әдемі тастармен безендіріледі. Ол жалпақ, дөңгелек жердің, ғаламның, шаңырақтың формасында жасалған, шексіздікті бейнелейді. Жүзіктің бет жағында екі шаңырақ орналасқан. Ол екі әулеттің жақындасқанын білдіреді. Ал ортасында екі жастың бақытын қорғайтын тұмар орналасқан. Астындағы саусаққа тағылатын сырғалары екеу етіп жасалынады. Оның себебі екі жұп, екі әулет мәңгілік бірге деген мағынада. Қазақтың салт дәстүрі бойынша құдағи жүзік жаңа түскен келіннің енесіне, яғни құдағиына шын жүректен аналық қамқорлығы үшін беріледі. Құдағи жүзіктің иесі сыйлы, мейрімді, аналық мейірімімен келінді тәрбиелеген құрметті ана болып табылады. «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы қорында ХІХ ғасырға жататын құдағи жүзіктің 5 түрі сақталған.

Құстұмсық жүзік. Музей қорындағы күмістен соғылған зергерлік бұйымдардың бірі - қазақ қыздар тағатын сақинаның бір түрі - құстұмсық жүзік

деп аталады. Құстұмсық жүзіктің жоғарғы жағы құстың тұмсығына ұқсас үшкір етіп жасалып, ою-өрнектермен безендіріледі. Ата-бабаларымыз қызбаланы аялап, әлпештеп, бақыт құсына балап өсірген. Сондықтан құстұмсық жүзікті қызы ұзатылғанда әкесі ырымдап арнайы ұстаға барып күмістен қалың және мықты етіп соқтыратын болған.

Жүзікті қызы ұзатылған күні әкесі қыздың оң қолының төртінші саусағына салады. Ол қызым барған жеріне тастай батып, судай сіңсін, бақытты, сыйлы болсын, енесіне сүйкімді, күйеуіне сүйікті, әулетіне сыйлы келін болсын деген мағынаны білдіреді. Ал жүзіктің бір бұрышының үшкір болып жасалуы, қызымды тіл-сұқтан, жамандықтан қорғасын деген мағынада. Жылдар өтіп, жаңа түскен келін ата-енесімен, жұбайымен жақсы, тату-тәтті өмір сүрсе осы құстұмсық жүзікті келген жолаушылардан әдейі аманат етіп төркініне қайтарып жібереді. Ол жақсылықтың нышаны болып есептелген.

Отау жүзік. Қазақтың түп нұсқа неке сақинасы - отау жүзік деп аталады. Отау жүзік – аты айтып тұрғандай, отауды бейнелейді. Өйткені «отау» аудармада «ошақ», «отбасы ошағы» деген мағынаны білдіреді. «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы» қорында қазақтың дәстүрлі зергерлік бұйымдарының бірнеше түрлерін кездестіруге болады. Соның бірі отау жүзік. Ол күмістен дөңгелек және төрт бұрышты үлгіде соғу, қалыптау, ширату тәсілдері арқылы жасалады. Сақинаның төрт бұрышы отбасылық өмірдің барлық салаларында тұрақтылықты білдіреді. Ал биік конус байлық пен өркендеуді білдірсе, бидай дәні түріндегі өрнектер – сан ғасырлар бойына ұрпақ жалғастыру, ұрпақтың дені сау болсын деген тілек.

Жүзіктің бетінде шағын оюлы терезелер, күмбез пішіндері немесе отау тәрізді өрнектер болуы да мүмкін. Бұл — болашақтағы бақытты шаңырақтың, берекелі отбасылық өмірдің көрінісі. Отау жүзік — тек сәндікбұйым емес, сонымен қатар оның тәрбиелік, символдық мәні зор. Жас келіннің қолына бұл жүзікті тағу — оның жаңа өмірге қадам басқанын, енді бір әулеттің ұйытқысы болатынын білдіреді. Бұл жүзік арқылы келіннің мәртебесі мен жаңа рөлі айқындалады.

Музей қорындағы жүзіктердің ерекшелігі

Музейлерде сақталған жүзіктердің көпшілігі ХІХ–ХХ ғасырдың басына жатады. Мысалы, «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығының этнографиялық қорында түрлі өңір шеберлерінің қолынан шыққан күміс жүзіктер сақталған. Олардың әрқайсысы өзіндік өрнек, тастың түрі мен пішіні арқылы зергердің шеберлігін және өңірлік ерекшеліктерді танытады.

Шу, Жетісу, Орталық Қазақстан өңірлерінен табылған жүзіктердің безендірілу тәсілдері әр түрлі. Жетісу шеберлері көбіне нәзік өрнекті, дөңгелек тастармен безендірілген үлгілерді қолданса, Батыс Қазақстан шеберлері бұрышты, геометриялық пішінді жүзіктерді көп пайдаланған.

Зергерлік өнер және технологиялық әдістер

Жүзік жасау кезінде зергерлер күміс пен алтынды қорытып, соғу, қию, нақыштау, қаралау, бүрме салу, тас орнату сияқты күрделі тәсілдерді қолданған. Әрбір бұйымның сұлулығы мен беріктігі қолөнершінің тәжірибесіне байланысты болған.

Рухани және тәрбиелік мәні

Жүзіктер – қазақ қыздарының сұлулығы мен инабаттылығын айқындайтын ғана емес, ұлттың эстетикалық талғамын көрсететін айрықша мұра. Мұндай бұйымдарды музейлерде сақтау және келушілерге таныстыру – жас ұрпақтың ұлттық өнерге қызығушылығын арттырып, мәдени құндылықтарды дәріптеудің тиімді жолы.

Музейдегі жүзіктер – қазақ халқының зергерлік өнерінің, талғамының және дүниетанымының айғағы. Олар арқылы ұлт тарихын, шеберлік дәстүрін және рухани мәдениетті терең тануға болады. Әшекей бұйымдарды ғылыми тұрғыда зерттеу мен насихаттау – мәдени мұраны сақтаудың маңызды бағыттарының бірі.

Қорыта айтқанда, отау жүзік — қазақ халқының отбасыға, неке мен әйел мәртебесіне деген терең көзқарасын бейнелейтін, дәстүр мен өнердің тоғысынан туған құнды әшекей бұйым. Ол ұрпақтанұрпаққа мұра болып, халқымыздың рухани және мәдени қазынасының бір бөлшегі ретінде бағаланады. Қорытындылай келе, қазақ халқының зергерлік өнері — тек қолөнер емес, сонымен бірге терең мағына мен рухани құндылықтарды бойына сіңірген мәдени мұра.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Сейітқалиева А. *Қазақтың зергерлік өнері*. – Алматы: Өнер, 1985.
2. Марғұлан Ә. *Ежелгі жыр, аңыздар*. – Алматы: Жазушы, 1985.
3. Жұмабекова Г. *Қазақтың дәстүрлі қолөнері*. – Алматы: Қазақ университеті, 2010.
4. «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының ғылыми қоры материалдары.
5. Төлеубаева С. *Зергерлік өнер – халық мұрасы* // Мәдени мұра журналы. – 2022, №3.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҚОЛӨНЕР БҰЙЫМДАРЫ АРҚЫЛЫ ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТТІ НАСИХАТТАУ

Қазақ халқының қолөнер бұйымдары арқылы ұлттық мәдениетті насихаттау. Қазақ халқының қолөнері — ұлттың рухани байлығы мен мәдени дамуының көрінісі. Ежелден қалыптасқан қолөнер дәстүрі халқымыздың тұрмыс тіршілігімен, дүниетанымымен, салт-дәстүрімен тығыз байланысты. Қазақ халқының әрбір бұйымы — тұрмыстық қажеттіліктен туған еңбектің жемісі ғана емес, сонымен бірге халықтың эстетикалық талғамын, шеберлігін және өмірге деген көзқарасын көрсететін мәдени мұра болып табылады. Қолөнер арқылы халық өз мәдениетін, дүниетанымын, өмір салтын келешек ұрпаққа жеткізеді. Қазіргі таңда ұлттық мәдениетті сақтап, оны насихаттау — ел болашағы үшін маңызды міндеттердің бірі. Сондықтан да қазақтың дәстүрлі қолөнері арқылы ұлттық мәдениетті таныту — ұлт руханиятын жандандырудың ең әсерлі жолдарының бірі болып отыр [1]. Қазақ қолөнерінің тарихы мен маңызы — халық тұрмысының ажырамас бөлігі. Ол тек қана материалдық қажеттілікті өтеу үшін емес, сонымен бірге адам жанының сұлулығын, табиғатпен үйлесімін көрсету үшін де қызмет еткен. Қолөнердің бастауын сақ дәуірінен, түркі мәдениетінің өркендеген кезеңінен көруге болады. Тарихи деректер мен археологиялық қазбаларда табылған қыш ыдыстар, зергерлік әшекейлер, киіз бұйымдар — қазақ қолөнерінің мыңжылдық тарихынан сыр шертеді. Қолөнер түрлері халықтың шаруашылығына, тұрмыс-тіршілігіне, табиғи ортасына байланысты қалыптасады. Мысалы, көшпелі өмір салтында киіз басу, тері илеу, тоқымашылық пен ағаш өңдеу кең дамыды. Әр өңірдің өзіне тән ою өрнек үлгісі, бояу түрі және өрнек салу дәстүрі бар. Мәселен, Оңтүстік Қазақстандағы өрнектер нәзік және көп түсті болса, Батыс аймақтарда қарапайым, геометриялық өрнектер жиі кездеседі [1].

Қазақ қолөнерінің негізгі түрлері сан алуан. Негізгі түрлеріне тоқталсақ: Зергерлік өнерге күмістен, алтыннан, мыстан жасалған әшекей бұйымдар жатады. Ол қазақ әйелдерінің сұлулығын айқындайтын сәндік элементтер. Сырға, білезік, жүзік, алқа, бойтұмар, шолпы — барлығы да әсемдікпен қатар, белгілі бір мағынаны білдірген. Мысалы, күмістен жасалған бұйымдар адамды «жамандықтан қорғайды» деген сенім болған. Зергерлер өз өнерін ұрпақтан ұрпаққа мұра етіп қалдырған. Ал, ағаш өңдеу өнеріне ағаштан жасалынған тұрмыстық бұйымдар жатады. Олар кебеже, сандық, асадал, төс, бесік, күбі, ыдыс, үй жабдықтары жатады [3].

Әр бұйым өрнекпен безендіріліп, ұлттық нақышпен әсемделген. Шебер ағашты кесіп, оюлап, бояп, өрнек салып, әр затқа ерекше мән берген. Тоқымашылық және киіз басуға алаша, кілем, текемет, басқұр, сырмақ, түскиіз сияқты бұйымдарды жатқызуға болады. Олардың әрқайсысының өз өрнегі мен түс үйлесімі бар. Киізден жасалған заттар — көшпелі өмірге ыңғайлы, әрі жылы, экологиялық таза бұйымдар болған. Тері және сүйек өңдеу өнеріне қазақ шеберлері теріден ер-тұрман, қамшы, аяқ киім, белбеу, ыдыс сияқты бұйымдар жасаған. Сүйектен және мүйізден әсем әшекейлер, қасық, тарақ, түйме, киімге арналған сәндік бұйымдар да дайындалған. Ою-өрнек өнері — қазақ қолөнерінің жаны мен сәні. Ол тек әсемдік үшін емес, терең философиялық мәнге ие. Мысалы, «қошқар мүйіз» өрнегі — молшылық пен берекенің белгісі, «тұмарша» — қорғау, «күн сәулесі» — өмір мен жарықтың нышаны, «құс қанаты» — еркіндік пен рух биіктігінің бейнесі [2]. Қожа Ахмет Ясауи XII ғасырда өмір сүріп, түркі халықтарының рухани дүниетанымына зор ықпал еткен тұлға. Ол өмір сүрген дәуір — Оңтүстік Қазақстанның мәдениеті мен қолөнерінің ерекше дамыған кезеңі. Сол уақытта Түркістан қаласы — ірі сауда және қолөнер орталығы болған. Қыш күйдіру, тас қалау, өрнек салу, ағаш пен металл өңдеу, кілем тоқу, зергерлік — барлығы жоғары деңгейде дамыды. Қожа Ахмет Ясауи кесенесі — сол дәуірдегі сәулет пен қолөнердің ең ұлы ескерткіші. Кесененің қабырғалары көгілдір түсті қыштармен көмкеріліп, өрнектермен және жазулармен безендірілген. Керамикалық плиталарға жазылған нақыштар мен гүл өрнектері ислам өркениетінің көркемдік стилін қазақ даласына енгізді. Бұл кезеңдегі шеберлердің еңбегі тек әсемдік үшін емес, рухани мағынаға да толы болды. Олардың жасаған бұйымдары мен оюлары Құрандағы және сопылық ілімдегі ұғымдарды бейнеледі. Сондықтан Ясауи дәуіріндегі қолөнер — қазақ мәдениетінің рухани бастауын көрсететін маңызды кезең болып саналады [5].

Қазіргі замандағы қолөнер және ұлттық мәдениет. Бүгінгі таңда ұлттық қолөнер жаңа сипатқа ие. Дәстүрлі элементтерді сақтай отырып, заманауи бағытта дамыту үрдісі кең өріс алды. Көптеген жастар ұлттық нақыштағы бұйымдарға қызығып, сән әлемінде этно стиль бағытында жұмыс істейді. Киізден жасалған сөмкелер, ұлттық өрнекпен безендірілген киімдер, интерьер бұйымдары, зергерлік бұйымдардың жаңа үлгілері — барлығы да дәстүр мен заманауи стильдің үйлесімі болып отыр [4].

Түркістан қаласындағы «Әзірет Сұлтан» музей-қорығы, Алматы мен Астанадағы қолөнер орталықтары — халық шеберлерінің туындыларын насихаттауда үлкен рөл атқарады. Сонымен қатар колледждер мен оқу орындарында қолөнер мамандығына арналған курстар мен көрмелер ұйымдастырылуда. Бұл шаралар жастардың ұлттық мәдениетке деген сүйіспеншілігін арттырып, ұлттық сана мен рухты қалыптастыруға көмектеседі [6].

Қызықты мәліметтер (қолөнер туралы) Қазақ қолөнері — 6 мың жылдан астам тарихы бар. Археологтар Ботай қонысынан табылған жүн иіру құралдарын ең көне тоқыма бұйымдарының бірі деп санайды.

- Қолөнер түрлері 40-тан астам бағытқа бөлінеді: ағаш ою, тері өңдеу, зергерлік, киіз басу, тоқымашылық, кестелеу және т.б.

- Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде XV ғасырдағы шеберлердің қолынан шыққан ерекше бұйымдар сақталған:

- Көне қол тоқылған кілемдер, мыс пен жезден құйылған шырағдандар, және зертхана тастарынан жасалған өрнекті қақпалар. Зергерлер көбіне күмісті қолданған, өйткені күмістің тазарту қасиеті бар деп сенген.

- Қазақ оюларының әр өрнегінің мәні бар: мысалы, “қошқар мүйіз” – байлық пен молшылықтың нышаны, “тұмарша” – жамандықтан қорғайтын символ. • Әйелдер мен ерлер еңбегі бөлек болған: ерлер — ағаш, тері, темірмен айналысқан, ал әйелдер — киіз, жүн, мата, кесте сияқты жұмсақ материалдармен.

- Қолөнер бұйымдары тек тұрмысқа емес, сонымен қатар адамның рухани өміріне де әсер еткен. Мысалы, әр бұйымға бата беріліп, дұға оқылған.

- Қолөнер арқылы қыздың тәрбиесі мен шеберлігі бағаланған – “Қыздың өнері қолында” деген мақал осыдан қалған.

- Қожа Ахмет Ясауи дәуірінде медреселерде “шеберлік”, “зергерлік” және “қолөнер ілімі” пәндері арнайы оқытылған [8].

Қазақ халқының қолөнері — ғасырлар бойы сақталып келе жатқан ұлттық мәдениеттің асыл қазынасы. Ол халықтың тұрмысын, дүниетанымын, рухани өмірін бейнелейтін өнер түрі. Қолөнер бұйымдары тек материалдық байлық емес, ұлттың рухани болмысының айғағы. Қолөнер арқылы қазақ халқы өзінің тарихын, мәдениетін және бірегей дүниетанымын келешек ұрпаққа жеткізуде. Қазіргі таңда осы мұраны сақтау мен дамыту — әрбір жастың борышы. Өйткені қолөнер арқылы ұлттық мәдениетті насихаттау — ел болашағын жарқын ету жолындағы ең маңызды міндеттердің бірі [7].

Қазақ халқының қолөнері — ұлттың жаны мен рухының айнасы. Әрбір кілемнің өрнегінде, әр оюдың сызығында ата-бабамыздың тарихы мен даналығы сақталған. Қолөнер тек тұрмыстық қажеттілік емес, ол — халықтың дүниетанымын, сұлулыққа деген көзқарасын және өмірге деген сүйіспеншілігін білдіретін мәдени мұра. Қазақ шеберлері табиғаттан шабыт алып, әр бұйымға мағына беріп, ұлттық ерекшелікті сақтай білді. Қолөнер арқылы біз өзіміздің кім екенімізді, қайдан шыққанымызды, қандай рухани құндылықтарға сүйенетінімізді танимыз. Сондықтан бүгінгі ұрпақ үшін қолөнер — өткен мен бүгінді жалғайтын алтын көпір. Ұлттық бұйымдарды дәріптеу, үйрену, көрмелер мен шеберлік сабақтары арқылы таныстыру — бұл ұлттық мәдениеттің өміршеңдігін қамтамасыз етудің ең маңызды жолдарының бірі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қасиманов С. Қазақ халқының қолөнері. – Алматы: Өнер, 1995.
2. Арғынбаев Х. Қазақ қолөнері. – Алматы: Қазақстан, 1987.
3. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар және қолөнер тарихы. – Алматы: Ғылым, 1985.
4. Төлегенов Е. Қазақтың сәндік қолданбалы өнері. – Алматы:
5. Қожа Ахмет Ясауи мұрасы және түркі өркениеті. – Түркістан, 2014.
6. Нұрпейісов К. Қазақ мәдениетінің тарихы. – Алматы: Білім, 2001.
7. Сәтбаева Ә. Қазақтың көркемдік дәстүрі мен эстетикасы. – Алматы: Рауан, 1998.
8. Шөкенов Ә. Қазақ этномәдениетінің бастаулары. – Астана, 2010

Зайнутдинов Мухаммад-Шариф, Норметова Амина
Жектекіші: Абакеева Ирода
№ 20 жалпы орта мектебі
Сыныбы: 6

ТҮРКІСТАН КІШІ ЖАЗИРАСЫНДАҒЫ ШАҒА ЕЛДІ МЕКЕНІ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ТАҒАЙЫН АТА ЗИРАТЫ

Тарихи мәдени ескерткіштер – ұлттық тарихымыз пен мәдениетіміздің құнды жәдігерлері болып табылады. Ескерткіштер әрбір елдің тарихы мен өткенінен сыр шертер халықтың ұлттық байлығы ғана емес сол елдің өткені мен бүгінін саралайтын, сол арқылы келешек ұрпаққа тәлім-тәрбие беруде маңызы зор ғылыми құрал. Қазіргі таңда Қазақстан аумағында 25 мыңнан астам тарихи-мәдени ескерткіш сақталынған. Соның ішінде археологтардың пайымдауынша Түркістан аумағында тізімге алынған ескерткіштер саны 2000-ға жуық деп есептелінеді. Киелі Түркістан аумағында сақталынған археологиялық, діни-рухани ескерткіштер өте көп. Аталған ескерткіштердің 150-ге жуығын қазіргі таңда «Әзірет Сұлтан» тарихи-мәдени қорық мұражайы тізімге алған. Осы ескерткіштердің басым бөлігі Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің маңында және Түркістан қаласына қарасты ауылдық округтерде орналасқан. Жоғарыда атап өткендей “Әзірет Сұлтан” қорық мұражайының құрамында типтік құрамына қарай археологиялық және діни-рухани ескерткіштер көптеп саналады. Қорық мұражай жыл сайын ескерткіштерді тиімді қорғау мақсатында бақылау-барлау жұмыстарын жүргізе отырып, жаңадан табылған археологиялық мұраларды есепке алып, оларды жоюдан, бүлдіруден қорғау мақсатында іс-шаралар атқарып келеді. Тізімге алынған әрбір ескерткіш орналасқан аумағына қарай, сол жердің өткен тарихынан хабардар ететін, ұлт байлығының рухани қазынасы екенін, өкінішке орай жергілікті халық жете түсіне алмай отыр. Түркістан – ежелгі мәдениет пен руханияттың алтын бесігі. Оның айналасындағы елді мекендер де терең тарихқа ие.

Көне қорымдар құпиясы

2004 жылы М.Елеуов басқарған «Тұран экспедициясы» Түркістан өңірінде орналасқан 132 топтан тұратын, жалпы саны 2080 обаны есепке алып құжаттады. Бұл іске «Әзірет Сұлтан» қорық-мұражайы Археология бөлімі де атсалысып келеді. Түркістан оазисінде орналасқан көне дәуірлерден келе жатқан қорымдар әлі күнге толық есепке алынбаған және жан-жақты зерттелмеген, ғылымға да, еліміздің тарихына да берері мол тың дүниелер. Олар негізінен қола дәуірінің Андронов мәдениетіне, ерте темір дәуірінің сақ және сақ кезеңіне, кейінгі ежелгі дәуір мен ерте орта ғасырларға жататын ескерткіштер деп бөлінеді.

Қорымдардың обалар (тас, топырақ үйіндісі түріндегі) жиынтығы түріндегілері Қаратаудың ішкі ойпаттары мен өзендері бойындағы жазықтарда және тау беткейлерінде жақсы сақталған, ал таудан алыстау жатқандарының кейбірі тегістеліп (адам қолымен) кеткен немесе эрозияға ұшырап әрең байқалатын дәрежеге жеткен. Кез-келген ел мен жердің тарихына үңілгенде олардың қорымдарын зерттеу арқылы ғана мұндағы адамдардың қай заманда өмір сүргенін, қай этносқа жататындығын, қандай діни наным-сенімде болғандығын және т.б. көптеген мәселелерді анықтап, сұрақтарға жауап алуға болады. Қаратау мен оның сілемдерін, беткейлерін археология тұрғысынан зерттеу тұңғыш рет 1969 – 1972 жж. М.Қ. Қадырбаевтың жетекшілігімен жүргізілді. Бұл зерттеу ерте көшпенділерге қатысты аса маңызды ғылыми мағлұматтар берді. Сол жылы А.Г. Максимова Ойық, Шаға қорымында зерттеу жүргізіп, ескерткіштің кейінгі ежелгі дәуірге және ерте ғасырларға жататындығын анықтап, көптеген мәліметтер жинақтады. 1973 жылы Б.Нұрмұханбетов Ермексу, Құмайлықас, Баялдыр өзендерінің бойында, 1975 – 1980 жж. С.М. Ақынжанов, Ә.К. Ақышевтер Тұрлансай, Баялдыр, Шылбыр, Шағаөзен, Құрсай, Иқансу, Бесарық шатқалдарында зерттеулер жүргізді. Нәтижесінде Бүркітті, Қобыланды, Тұрғанбай, Алтысу, Егізқара, Иқансу обалар қорымдары ашылды. 2000 жылы С.Баратов, Е.Смағұлов Шойтөбе маңынан қола дәуіріне жататын Шербай қорымын анықтады. 2009 ж. «Әзірет Сұлтан» қорық мұражайының қызметкерлері Т.Өсеров Шыпан қола дәуірі қорымын ашып зерттеді. Соңғы жылдары мұражай мамандары Егізқара, Талдысу, Бөкебай шоқы сияқты сақ дәуірі қорымдарын зерттеп келді

Шаға елді мекені

Адам өз тарихын білмей ұлт болып қалыптаса алмайды, ал тарихын білмеу надандық! Сондықтан да, болашақ ұрпаққа тарихымыз сыр шертетін жәдігерлер мен ескерткіштерді түпнұсқа қалпында сақтау қазіргі таңда өзекті мәселенің бірі болып отыр.

Ескерткіштерді қорғау мен пайдалануды айқындау және олардың қорғау аймақтарын анықтау мақсатында Тарихи-мәдени мұра объектілерінің қорғау аймақтарын, құрылыс салуды реттеу аймақтарын және қорғалатын табиғи ландшафт аймақтарын айқындаудың ережелерін және пайдалану режимін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 28 қазандағы №1218 қаулысында көрсетілгендей, сәулет және қала құрылысы ескерткіші қорғау аймағы жерден оның биік нүктесіне дейінгі арақашықтық көлеміне тең, бірақ 20 метрден кем болмайтын қорғау аймағымен қоршалуы тиіс, ал археология ескерткіші 50 метр болатын қорғау аймағымен қоршалуы тиіс деп көрсетілген.

Ауылдық округ аумағында орналасқан тарихи-мәдени мұралар жеке тұлғалардың жауапсыздығынан өзгерістерге ұшырап, кейбір жағдайда жойылып кету қаупі төніп отырады. Осы орайда жергілікті халық аталған тарихи мәдени

мұраларымызды бүлінуден, зақым келтіруден қорғап, өсіп келе жатқан жас ұрпаққа ескерткіштерді қорғау елдің, бүтін халықтың баға жетпес асыл қазынасы екенін түсіндіріп, насихаттап, мектептерде өтілетін тәрбие жұмыстарына енгізсе келешек ұрпақты өз елінің мәдениетіне, өткен тарихына жанашырлықпен қарайтын, ұлтжанды етіп тәрбиелеуге жәрдемі тиер еді.

«Тарихты көп оқыған адам-елдің патриоты!» дейді дана халқымыз. Кіндік қаны тамып, өзі туылып-өскен жер-ана жайлы, ел жайлы келешек ұрпақтарға мирас етіп, естелік етіп жазып қалдыру әрбір адамның абзал борышы. Мен туылып-өскен Түркістан қаласы жанындағы Шаға елді мекені тарихи, деректерге және этнографиялық, лингвистикалық жазба деректерге қарағанда I-V ғ. ірі бекініс міндетін өтеген мекендердің бірі болған. Шаға қазбаларынан табылған балшық бұйымдар, сағаналар мен басқа да көптеген айғақтар пікірімізді нақтылай түседі.

1970-1972 жылдары Археолог А.Г. Максимова Шаға елді мекенінің батысындағы қырлардағы обаларды зерттеді. Бұл обалардан алынған заттар туралы «Қазақстан тарихының I томында да баяндалған [1]. 1999 ж «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи –мәдени қорық мұражайының Археология және ескерткіштерді қорғау бөлімінің меңгерушісі М.Қ. Тұяқбаев жетекшілігімен зерттеу жұмыстары жүргізілді және Шаға-I, Шаға- II, Шаға –III төбелерінің өмір сүрген уақыты анықталды [3].

Шаға кіші жазирасы

Қазіргі Түркістан ауданы территориясы археология, тарих ғылымдарында Түркістан жазирасы (шұраты) деп айтылатыны белгілі, себебі бұл аймақтарда өмір сүрген адамдардың тұрақтарының тау өзендері бойына тізеле орналасуы отырықшылық (егіншілік) мәдениеті ескерткіштердің аса тығыз орналасуымен ерекшеленеді. Тарихи, археологиялық карталарға қарасақ өзендердің тау ішіндегі бастауларынан етегіне дейін адамдардың тұрақтары, қоныстары, қалалары, егіншілік алқаптары, арықтары кәріздері екі жағалауға тізеле орналасқандығын байқаймыз. Қазіргі таңда тау өзендері бөгеліп, су қоймалары құрылып, су реттегіш жүйелер жасалынған. Әрбір ірі-ірі су жүйелері суландырған егіншілік жүйесі бар аймақтарды көне қалалардың атымен атап сегіз кішігірім жазираларға бөлінген. Олардың ішінде Шаға кіші жазирасы орналасқан. Шаға – Түркістан қаласынан солтүстік-батысқа қарай орналасқан, тарихи ауылдардың бірі. Ауыл маңы ежелгі керуен жолдарының бойында орналасқан. Тұрғындар негізінен мал және егін шаруашылығымен айналысқан. Кеңес кезеңінде колхоз болып құрылған.

Бүгіндері ол суландырылуы жағынан ең төмен жазиралардың бірі. XX ғ. басындағы жазба деректерде Шаға ауылының маңында 20-дан астам бұлақтың болғандығы, Жоғарғы Ташнақ ауылының солтүстігі де бұлаққа мол, қалың ағаш басқан жер екендігі, ауылда бірнеше судиірмені жұмыс істейтіндігі әңгіме

болады. Жазираның алғашқы су көзі Қотырбұлақ Құшата ауылына шығыстан ағып кіріп, Қантағымен қатар ағып барып оңтүстікке бұрылады. Бас жағында Қотырбұлақтан бөлініп шыққан Арнасай Қосқорған жаққа қарай ағады да Найсабарық деген атпен қазіргі «Ынтымақ» ауылына бағыт алып Арыс-Түркістан каналына құйылады. Екінші су көзі Шоқтастың маңындағы көптеген бұлақтардан құралып Қараөзен деген жылғаға айналып, Шаға шатқалындағы Қайнарбұлақтан алатын жылғамен қосылып Шаға өзеніне айналады. Ол Шаға елді мекенінен өтіп Жоғарғы Ташнаққа жетіп ол да Арыс-Түркістан каналына құйылады, жалпы ұзындығы 21 ш.м. Биіктігі 1475 м Аққұз шыңы айналасындағы бұлақтардан құралған ұрсай өзені. Бұл өзеннің ұзындығы 35 ш.м шамасында. Қазіргі таңда өзен суы көктем мезгілінде арнасы суға толады, кезі жаз мезгіліне қарай суы азаяды. Өзен бағыты Шаға ауылынан Жоғары Ташнақ ауылына өтіп, Арыс-Түркістан каналына құйылады. Кезінде бұл жазираның елді мекендері, негізінен бұлақ қасындағы Қарауылтөбе (Шаға-I қонысы) түбіндегі Табақбұлақ, Жиделітөбе (Шаға II) түбіндегі Жиделібұлақ, одан жоғары Құмбұлақ, Қозыбайбұлақ дәлел болады, бұл елді мекендер бұдан екі мың жыл бұрын қалыптасқан отырықшылық ескерткіштері.

Шаға жазирасы Шағаөзен, Қараөзен, Құрсай өзеншелері, Қотырбұлақ, Қарабұлақ, Қайнарбұлақ, Қалдарбұлақ, Тасбұлақ, Табақбұлақ, Мәтібұлақ, Мүсәлібұлақ, Ақбұлақ, Сасықбұлақ, су көздері мен Найсаб, Арнасай, Қайнар, Ташанақ Шұқұрұзын арықтары суландырған. Бұлардың ішінен «Ташанақ, Қосқорған, Шаға, Суки Таш (Шоктас) Қарабұлақ» сияқты арықтар Ахмет Ясауи әулетіне қатысты «Насабнама - шежіресі түрлерінде кездеседі.

Аталған су көздерінің бойында Бершінтөбе, Шаға-I, Шаға-II, Шаға-III, Тағайыната, Қосқорған, Әбд-әл-Мәлік, Жоғары Ташанақ, Ташанақ сияқты қалалар мен қоныстар орналасқан. Қазіргі кунде бұл бұлақ тардың көпшілігінде суы тартылып кеткен. Себебі 1955-60 жылдары Қаратау қойнауынан кен қазылу нәтижесінде қайнар өзені мен бұлақ сулары тоқтап қалған. Кейінірек Ашықбай Әбдіқасымов торағалық еткен жылдары үкіәмет есебіненон уш артезиан құдықтары қазылған.

А.Г.Максимова зерттеулері

1969 ж Оңтүстік Қаратау баурайындағы қорғандарды зерттеу жұмыстарын ОҚО археолдогиялық экспедицияы Ш.Уәлиханов атындағы тарих және археология этнография институты жетекшілігімен тарих ғылымының академигі К.А.Акишев басшылығында және археолог А.Г Максимова жетекшілігімен

(Түркістан ауданы Чапаев колхозы) Шаға елді мекенінің батысындағы төбелерді зерттеуді бастады. Қаратаудың оңтүстігіндегі кырлардан барлығы 213 төбешік обалардың барлығы анықталды.

1970-1972 жж Шаға елді мекеніндегі пахса және кесектен салынған обалардың 5 қорғаны ашылып зерттелді.

Қорған 67-өлшемі солтүстіктен оңтүстікке қарай 27,9 м,батыстан шығысқа қарай 30,9м биіктігі 2,2 м .Кесектен қаланған төрт бұрышты бұл оба 2 бөлмелі,дәліз және негізгі бөлме Г тәрізді супасы кесектен қаланған.Бұл обадан қола жүзік,шашылған 3 адамның қаңқасы,темір пышақ сынықтары,сүйектер устінен 2-3 см қалыңдықта бұтақтардың кул қалдықтары,жартылай күйген сүйектер темір жебе ұштары, бояуы бар керамикалар,жолақ агаттан жасалған бошке тәрізді мұншақ,нефрит белдік ілгіші табылған.Адамды ойландыратыны төрт бұрыш тесігі бар соғды теңгесінің табылғаны.(б.з VII-VIII ғғ)

Қорған 75-өлшемі 18мХ1,2м құрылыс көлемі(5,1Х5,15м)төрт бұрышты (2,9 Х 2,9м)дәлізі бар П тәрізді кесектен қаланған супасы бар.Бұл жерден де шашылған адам қаңқалары арасынан жанған бұтақ қалдықтары,8 дана шиша мұншақ,керамикалар,қыш құмра,леген табылған.

Қорған 76-диаметрі 12м,биіктігі0,35м(1б сурет).Обадан аяқ қолы бір жамбасқа қарай бүктеліп жатқан адам қаңқасы арасынан және қызғылт түсті тастан жасалған мұншақ,қолмен жапыстырылып жасалынған құмыралар,ішінде бояулары сақталған құмралар,дәліз ортасынан жас бала қаңқасы,қола сырға табылған.

Қорған 108 диаметрі 11м ,биіктігі 0,32м .бөлме ортасынан жерасты мазары пахсамен қаланған.Бұл жерден адамның шашпаңқы сүйектері,сынық және бүтүн ыдыс –аяқтар табылған.Бір құмыра ішінен 4-5 см түбінде күйген ботқаның қалдығы сақталған.Табылған заттар ішіндегі ерекше зат ,тоқыма үшін пайдаланған тастан жасалған ұршық.

Қорған 68 диаметрі 10м биіктігі 0,5 м. Бөлме 4,75х4,6 м төрт бұрышты, сақталған дуал биіктігі 1,2м , дәлізі бар ұзындығы 2,35 м, ені 0,7 м, биіктігі 1 м. Кіреберістен ит сүйегі (стражевой) ,ішке қарай сол жанбаспен бүктеліп жатқан қария әйел сүйегі табылған.Археолог А.Г.Максимова пікірі бойынша олар мазарды қорғаушылар болуы мүмкін. Шаға елді екенін зерттеушілердің қорытындысы бойынша, қазба жұмыстар барысында барлығы 25 адам сүйектері, 17 адамның бас сүйегі тобылған. Антрополог О.Исмагулованың қорытындысы бойынша табылған сүйектер ішінде жас баланың, кәмелет жастағы баланың, үлкен жастағы әйел мен еркектің, қарияныңда сүйектері бар болып, көмілген уақыттары да әр түрлі сондықтан да олар бір отбасы болуы мүмкін. Өкініштісі сүйектер жақсы сақталмағандықтан олардың антропологиялық типін анықтай алмаған. Бірақ шамамен европоидтік және аралас типті анықтаған. Табылған құмыраларда әр түрлі бояусыз, бояу тамызылған,қолдан жасалған немесе ганчар әдісімен жасалған. Табылған заттарға қарап салыстырмалы түрде (б.з VII-VIII ғғ) тән. Діни әдет ғұрыптар Қазақстанның басқа аймақтарында да кездеседі, өлікті өртеу оссурлықтардан қалған, итті көму зороастизмнің қалдығы [2]

Шаға атауының шығуы жайлы үш түрлі аңыз

Шаға атауының шығуы жайлы үш түрлі аңыз жеткен. Бірінде Шаға атауы бұрынғы Шағатай ұлысының атынан келіп шыққан (Тәжікстан, Өзбекстан аймақтарында, Созақта да Шаға деген атаулар бар) делінсе, басқа бір аңызда Төрткүлтөбе бекінісінде топтанып отырған адамдардан «Қайда барасыздар?» деп сұрағанда, «арызымызды айтқалы Шахқа кетіп барамыз» деп жауап беріпті. Содан Шах сөзі Шағаға айналып кетіпті делінеді.

Тағы бір аңызда Ясы ауылының бір бала-шағасы көп отбасы баспана сұраса, «бала-шағаларың көп екен, сіздерге Қайнар өзені бойынан жай бердім» деп жауап берген екен, сол кезден бастап Шаға аталып кеткен деген болжам бар.

Өзбекстан Ғылым Академиясының корреспондент мүшесі, тарих пәнінің білгірі Б.Ахмедовтың «Әмір Темір» атты тарихи романында жазылғандай, Темір «Вакуфнамесінде» Қожа Ахмет Ясауи мешіті үшін «Шаға, Ташанак ауылдарынан екі қостан жер ажыратылып берілсін. Адам бұл жерлерді алып, бидай ексін немесе жалға берсін. Алынған өнім диқан және басқа қызметшілердің қаржысына жаратылсын. Бекітілген шарттар өзгертілмесін немесе басқа бір мүлікке айырбас жасалмасын. Түркістан және оның айналасындағы тұрғындарға, мүсәпірлер мен үлкен-кішіге, машайықтар мен мансаптыларға ол жерге ешкім қол сұқпайтыны, қиямет күні ғайбатқа душар болмастығы назарларында жүрсін...» деп жазып қалдырылған екен. Ауыл аумағындағы төбелерде монғол, араб, қалмақ және жонғар басқыншылығы кездерінде от жағылып, жаудың келгенінен хабар беріп тұрған қорған міндетін атқарған десе, кейбір халық әузекі мәліметтерінде әскербасылардың құрметіне арнап сарбаздардың әрқайсысы бір-бір қаптан көбірек топырақ үйіп кеткен, немесе жау әскерлері жергілікті тұрғындарды сусыздықпен қинау үшін бұлақтар көзін топыраққа толтырып кеткен деп айтылады. Бұл да шындық болуы мүмкін себебі бұлақтардың барлығы төбелердің жанында. Осы жазба деректерден Шаға ауылының тарихи орны зор болғандығын көруге болады.

Тағайын ата кім болған?

Түркістан – ежелгі мәдениет пен руханияттың алтын бесігі. Оның айналасындағы елді мекендер де терең тарихқа ие. Солардың бірі – Шаға ауылы. Бұл мекен тек ауыл шаруашылығымен емес, тарихи тұлғалар мен әулиелермен танымал. Солардың бірі – Тағайын ата.

Тағайын ата – халық арасында әділ, діндар, тақуа адам ретінде белгілі. Аңыздарға сүйенсек, ол ел ішінде әділ шешім айтып, халықты имандылыққа шақырған. Оның зираты – халық үшін киелі орын. Әулие баба жайлы нақты жазбаша деректер болмаса да, ауызша тарихта ол туралы көптеген аңыз-әңгімелер сақталған.

Тағайын ата зираты:

Зират Шаға ауылы маңында орналасқан. Қарапайым мазар түрінде, кейде келушілердің қойған тастары мен ақ шүберектері арқылы ерекше. Бұл жерге дұға жасап, тілек айту үшін алыс-жақыннан адамдар келеді.

Тағайын ата «Насабнама» шежіресінде

Шаға ауылының бұрынғы орналасқан орнының қазбалары ауылдың солтүстік-шығысында Тағайын ата зираты маңында төбе түрінде сақталған. Қазірде бекініс орыны сақталып қалған. Деректерге сүйенсек Өзбекстаннан шыққан «Насабнама»ны аударып, дайындаған Р.Әбдішүкіров және редакциялаған Ә.Муминов мәліметі бойынша кітапта берілген Нуриддин Нәбіқожаұлы қорынан алынған материалдар жаңа дерек болып табылады. Яғни Ысқақ бабтың ұлы Харун шайх оның төртінші ұрпағы Хасан шайхтың үш ұл, бір қызы болды. Қызы Қарашаш ана-лақабы Тағай биге. Ұлдары- Муса шайх-лақабы Тағайиддин баба және Мірәлі шайх болып отыр. Тағайиддин баба Шаға елді мекені мен Қосқорғанның ортасындағы Тағайын ата зираты болуы керек. Шаға елді мекенінің жоғарғы бетінде Қаратау тауы тарапында, белгілі ғалым М.Мирхалдаровтың «Сайрам тарихы» кітабында жазылуынша ұлы бабамыз Қожа Ахмед Ясауидің нағашысы (тағасы) болып оны көзінің қарашығындай сақтап жүру үшін Түркістанға Сайрамнан көшіп келген екен. Тағайын баба Қарашаш анамыздың әулеті болғаны үшін Қожа Ахмед Ясауидың тағасы болғаны үшін сондай аталып кеткен. Тағайын бабаның өз есімі Шайх Нуриддин болып, бір соғыста жаулармен шайқасып, ерлікпен қаза тапқан. Ол кісі туралы Шаға ауылында тұратын ауыл ақсақалдары айтып жүретін көп кереметтер сақталған. Бір тракторшы түннің ортасында зират жанында тракторы бұзылып қалып, зират ішіндегі дайын тамақты жеп шыққан соң тракторы өзінен-өзі, ешкімнің көмегінсіз жүрген. Құрсақ көтере алмай жүрген әйелдер бір күн зират басында түнеп балалы болғандары да баршылық. Бір айтатынымыз әулиенің зираты сақталған көне лашықты ауыл халқы бір ауыздан келісіп ғимаратты асар етіп жаңаланды. [14]

Қорытынды

Тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау, оларды зерттеу мен насихаттау мемлекеттік деңгейдегі шара болып табылады. Қазіргі таңда «Әзірет Сұлтан» тарихи-мәдени қорық мұражайының Археология және тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау бөлімі осы бағытта тыңғылықты жұмыс жасап келе жатыр. Бөлім мамандары жыл сайын археологиялық зерттеулер арқылы Түркістан аумағынан ғасырлар куәсі болған қалашықтар мен қорған-обалардың орнын тауып зерттеп, тізімге алып келеді. Тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғаудың маңыздылығы жайында көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібеков ағамыз «Қай халықтың болса да рухани әлеміне саяхат оның көне ескерткіштерімен, тарихи орындарынан танысудан басталатыны мәлім» деп жазған. Ескерткіштерді қираудан, бүлінуден сақтау өткен көне замандарда да

өткір мәселенің бірі болып отырған. Ежелгі грек елінің жылнамашысы Полибий: «Болашақтағы жаулап алушылар, өздері бағындырған қалаларды қиратпауды, өз елдерін басқа халықтардың қайғысы мен көз жасымен байытуды үйренбейді деп сенгім келеді» деген екен. Мәдени құндылықтардың тоналуы, олардың зақымдануы кез-келген елдің, халықтың тарихын, мәдениетінің күйреуіне, жоюлуына алып келеді. Бұл тарихи-мәдени мұралар көне тарихтың куәсі, өткенімізден сыр шетіп, бүгінгі күнге дейін сақталынып жетіп отырған ескерткіштерді қорғау мен сақтау, оларды насихаттау әрбір азаматтың еліне, туған жеріне деген жанашырлығы, мәдени мұраларға деген қамқорлығы болмақ.

Шаға ауылы – тарихи тамыры терең, рухани бай өңірдің бір бөлшегі. Тағайын ата зираты – осы ауылдың рухани орталығы. Мұндай киелі орындарды зерттеп, ұрпаққа жеткізу — біздің міндетіміз.

«Тарихты көп оқыған өз елінің патриоты» дейді дана халықымыз, мен де өз елімнің патриоты ретінде, өзімнің кіндік қаным тамған киелі Түркістан қаласының айналасындағы бір-бірімен тарихи байланысы бар елді мекендерді зерттеп, болашақ ұрпақты тарихынан хабардар етіп, құрметтеп, қәстерлеуге баулу мақсатында өз жұмысымды жалғастырып «Адам өз тарихын білмей, ұлт болып қалыптаса алмайды, ал тарихын білмеген надандық!» деп сөзімді қорытқым келеді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Максимова. А.Г Гробницы типа науса у села Чага // В глубь веков. - Алма-Ата: Наука, 1974.-224 с.

2. Проскурин А.Н., Туякбаева Б.Т. Мазар безымянный // Свод памятников истории и культуры Казахстана. Южно-Казахстанская область. - Алматы, 1994. - № 590. - 368 с.

3. Тұран археологиялық экспедициясының 2002 жылы Оңтүсік Қазақстан облысында жүргізген зерттеулері (аралық). Ғылыми-зерттеу жұмысы туралы есеп. Түркістан, 2003 / ХКТУ Археология ғылыми-зерттеу орталығының архиві. 2-кітап. 2003. Инв. № 2 [Қолжазба].

3. Тұран археологиялық экспедициясының 2004 жылы Оңтүсік Қазақстан облысында жүргізген зерттеулері (аралық). Ғылыми-зерттеу жұмысы туралы есеп(аралық). Түркістан, 2004 / ХКТУ Археология ғылыми-зерттеу орталығының архив. 4-кітап. 2004. [Қолжазба].

4. Туякбаев М.К. Города Туркестанского оазиса на Великом Шелковом пути // Науч. журн. центра тюркологии МКТУ. - 2002. - № 2. - С. 96-100.

5. Байпаков К.М. Некоторые вопросы изучения средневековых городов юга Казахстана // Изв. АН КазССР. Серия общественных наук. - 1975. - № 5. - С. 30-39.

6. Байпаков К.М. Городища типа «Торткуль» // Археолог, памятники Казахстана. -Алма-Ата: Наука, 1978. - С. 80-96.

7. Туякбаев М.К.К генезису топонима «Торткуль» // Вестник КазНУ. - Серия историческая. - 2007.- № 2 (45). - С. 61-62.

8. Смагулов Е.А., Григорьев Ф., Итенов А. Очерки по истории и археологии средне-векового Туркестана. - Алматы, 1999. - 232

9.Смагулов Е.А., Туякбаев М.К., Ержигитова А.А. Туркестанская археологическая экспедиция: отчет по итогам работ 2002 года / Архив музея-заповедника «Азрет Султан» // Альбом иллюстрации. Рис. 36. - 2002. Инв. № 7 [Рукопись].

10. Свод памятников истории и культуры .ЮКО.А.1994.С.321

11. Акишев К.А.,Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б.Древний Отрар.Алма-Ата.1972.с17

12. Байпаков К.М О локализации средневековых городов Южного Казахстана//Археологическое исследование вОтраре.//Алма-Ата.1977.С87

13. Научный паспорт с шага .І.Архив .ИИАЭ,1980(ксерокопия в архиве музея «Азрет Султан»)

14. П.Ибрагимов// Мөлдір бұлақ жасыл бақты Шағам менің. //Түркістан газеті 2000ж 17 қараша №47(8307)

ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫНДА ТУРИЗМДІ ДАМУДАҒЫ ҚЫЛУЕТ ЖЕРАСТЫ МЕШІТІНІҢ ОРНЫ

Түркістан қаласы – қазақ халқының рухани орталығы. Осында орналасқан Қожа Ахмет Ясауи кесенесі мен Қылует жер асты мешіті – халқымыздың мәдени және діни мұраларының маңызды ескерткіштері. Қожа Ахмет Ясауи – сопылық ілімнің негізін қалаушы, түркі халықтарына ислам дінін насихаттаушы тұлға. Оның өмірі мен еңбегі халқымыздың рухани құндылықтарының қалыптасуына зор әсер етті. Қожа Ахмет Ясауи өмір сүрген Қылует жер асты мешіті – XII ғасырдан сақталған ерекше сәулет ескерткіші. Қылует мешіті қазіргі таңда Түркістандағы басты туристік нысандардың бірі болып саналады. Бұл рефератта Қылует мешітінің тарихы, оның туризмді дамытудағы рөлі және экскурсиялық маңызы қарастырылады.

Кесене маңында сақталған XII ғасырға тиесілі Қылует жер асты мешіті Қылует жер асты мешіті XII ғасырда өмір сүрген ұлы сопы Қожа Ахмет Ясауимен байланысты. «Қылует» сөзі араб тілінен аударғанда «жер астына түсу», «жалғыз қалу» деген мағынаны білдіреді. Бұл орын Қожа Ахмет Ясауидің зікір салып, рухани тазалыққа ұмтылған жері болған. Мешіт бөлмелері топырақтан қазылып, арнайы желдеткіш тесіктер жасалған. Бұл мешіт Қожа Ахмет Ясауи өз өмірінің соңғы жылдарында дүниенің өткіншілігінен бас тартып, рухани тазару мақсатында өмір сүрген орыны болған. Аңыз бойынша, Ясауи 63 жасқа толған соң Пайғамбар жасы деп, жер астына түсіп өмір сүруге бел буған. Ол сол жерде зікір салып, шәкірттеріне тәлім-тәрбие берген. Мешіт бірнеше бөлмелерден тұрады: намазхана бөлмесі, асхана бөлмесі, зікір бөлмесі, демалу орны және жер асты дәліздері бар.

Қылует мешіті ғасырлар бойы бірнеше рет бұзылып, қайта жөнделіп отырған. Кеңес дәуірінде ол діни мақсатта қолдануға тыйым салынғанымен, тәуелсіздік алғаннан кейін мешіт қайта қалпына келтіріліп, музей ретінде жұмыс істей бастады. Қазіргі таңда мұнда келушілер Қожа Ахмет Ясауи өмір сүрген кезеңнің рухын сезіне алады.

Музей маркетингі және туризмдегі дамуы

Бұл мақала менің жоба жетекшім С. Шәметовтың (ғылыми қызыметкер) Музей маркетингі және туризм мақаласынан алынған

Мәдени туризмнің дамуында музейдің алар орны ерекше. Музей – елдің немесе өңірдің мәдени мұрасы, көркем туындылары және әртүрлі көрікті жерлері

туралы жан-жақты мәлімет те, ақпарат та бере алады десек, бұл өз кезегінде туристердің санының артуына елеулі ықпал етері сөзсіз.

Музей өз миссияларын орындау үшін келушілер, демеушілер және белсенді жұртшылық қажет. Ал, оларды музейге қалай тартуға болады? Әлемдік тәжірибеде музей маркетингі термині осы мәселеге қатысты қолданылады.

Музей маркетингі – музейге келушілердің қажеттіліктерін анықтайтын, болжайтын, қанағаттандыратын және көбінесе осы қажеттіліктердің қалыптасуына ықпал ететін күрделі үдеріс. Демек, музей маркетингі музей коммуникациясымен тығыз байланысты, яғни, музейге туристерді тарту, олардың қайта айналып келуіне себепші болу, олардың белсенділігін арттыру үшін әрбір келушімен қарым-қатынас жасау сынды жұмыстармен айналысады.

Музей маркетингі білім беру және тарихи мұраларды сақтаудың маңыздылығына музей қызметкерлері мен сарапшылардың назар аударуына ықпал етеді.

Жалпы нарықтық экономикалық қатынаста маркетинг — тауарларды өндіру мен өткізу, дамыту туралы ғылым. Оның негізгі мақсаты барынша көп пайда алумен бірге айырбас, тауарлардың тұтынушыға жеткізілуін тездету және өндірістік-коммерциялық қызметтің тиімділігін арттыру арқылы нарықтың (адамдардың, фирмалардың, кәсіпорындардың) тауарларға (жұмыстарға, қызметтерге) сұранымын қанағаттандыру болып табылады.

Ал, музей маркетингі – туристерді мұражайға тартуға, олардың экспонаттар мен іс-шараларға қызығушылығын тудыруға, сондай-ақ музей қызметтері мен тауарларын насихаттауға бағытталған іс-шаралар кешені. Ол аудиторияны талдауды, дамыту стратегияларын әзірлеуді, экспозицияны тартымды әрі мазмұнды құруды арттыруға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыруды қамтиды.

Музей маркетингінің негізгі элементтерін төмендегідей тарқатуға болады:

- Нарықты талдау: музейдің мақсатты аудиториясының қажеттіліктерін, күтулері мен қалауларын зерттеу, сондай-ақ бәсекелестердің қызметіне талдау жасау.

- Мақсатты топтарды анықтау: арнайы ұсыныстарды әзірлеу үшін келушілердің әртүрлі санаттарын (жасы, қызығушылықтары, дайындық деңгейі және т.б. бойынша) таңдау, топтау болып табылады.

Музей өнімін қалыптастыру: анықталған мақсатты топтардың қажеттіліктерін қанағаттандыратын қызықты, қолжетімді және сапалы көрмелерді, экспозицияларды, бағдарламалар мен қызметтерді ұсына білу.

- Баға: келушілер үшін тартымды болатын және музейдің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ететін билеттерге, бағдарламалар мен қызметтерге баға белгілеу.

- Жарнама және коммуникация: мақсатты аудиторияны музей, оның көрмелері, бағдарламалары мен қызметтері туралы ақпараттандыру және келушілермен диалог жүргізу үшін әртүрлі арналарды пайдалану.

- Тиімділікті бағалау: қажетті түзетулер енгізу және жұмыс тиімділігін арттыру үшін маркетингтік қызмет нәтижелеріне талдау жасау.

Түркістан қаласында туризмді дамытуда Қожа Ахмет Ясауи мекен еткен қылует жер асты мешітінің рөлі. Қылует мешіті қазіргі таңда Түркістандағы басты туристік нысандардың бірі. Мұнда жыл сайын мыңдаған турист келіп, Ясауи өмір сүрген рухани ортаны көреді. Бұл ескерткіш – діни туризмнің дамуына және қаладағы тарихи маршруттардың кеңеюіне үлкен үлес қосып отыр. Қылует арқылы келушілер түркі халықтарының мәдениеті мен ислам өркениеті туралы мол мағлұмат алады. Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне келетін әрбір турист міндетті түрде Қылует мешітіне де ат басын бұрады. Мұнда келушілерге арнайы экскурсиялық бағыттар ұйымдастырылған. Мешіттің ішкі құрылысы мен атмосферасы туристерге ерекше әсер қалдырады.

Қылует мешіті – діни және тарихи туризмнің дамуына үлкен үлес қосып отыр. Мұнда отандық және шетелдік туристер жиі келеді. Туризмнің дамуы жергілікті халыққа да оң әсерін тигізуде: жұмыс орындары ашылып, туристік қызметтер дамып келеді. Түркістан қаласы бүгінде халықаралық деңгейдегі туристік орталыққа айналды. Қылует мешіті сол процестің негізгі мәдени тартымдылығының бірі болып саналады.

Қожа Ахмет Ясауи кесене маңындағы қылует жер асты мешітіне экскурсиялық мәтіні:

Қайырлы күн құрметті қонақтар! Сіздер қазір Қожа Ахмет Ясауи кесенесінен 150 м оңтүстігінде орналасқан Қылует жер асты мешітін көре аласыздар. Бұл орын XII ғасырда салынған. Ұлы ойшыл осы жерде зікір салып, рухани іліммен айналысқан. Мешіт 18 бөлмеден тұрады, олардың ішінде намаз оқитын, демалатын және зікір бөлмелері бар. Қазіргі таңда мешіт қайта қалпына келтіріліп, туристер үшін ашық. Мешіттің басты ерекшелігі – оның табиғи салқын ауасын ұстайтын қабырғалары мен күмбездері. Жер астындағы осындай құрылымдар Орта Азияда сирек кездеседі. Қазіргі таңда бұл жер музей ретінде жұмыс істейді. Экскурсия барысында сіздер Қожа Ахмет Ясауидің қолданған заттарын, тұрмыс бұйымдарын және сол дәуірге тән сәулеттік ерекшеліктерді тамашалай аласыздар. Қылует мешітіне келген әрбір адам ерекше рухани әсермен оралады. Қожа Ахмет Ясауи 63 жасында жер астына түсіп, қалған өмірін «Диуани хикмет» өлеңдер жинағын жазып, сонда өткізген. Қылует төбесі жайпақ етіп жабылған, құрылыс формасы біркелкі емес, ауқымды, жартылай жер асты жайы болып келеді. Үйдің қасбеті балшықпен салынған. Құрлыстың кіретін екі есігі бар, бірі-басты есік-оңтүстік қасбет жағында, екіншісі-шаруашылық есігі-батыс жағында. Үлкен қылуетті зерттегенде кезде, құрлыстың бірнеше кезеңде

салынғаны анықталды. Оның ең көне бөлігі-ҒАР(ХІІ-ғ).135х135 см шағын бөлме 4 метірге жуық тереңдікте жер астында салынған. Қабырғасымен күмбезі шаршы кірпішпен қаланған. Еденінен 175 см биіктіктегі көне замандағы «балқы» жүйесімен өрілген. Қабырғаларында шырағданға арналған шағын қуыстар бар. Едені балшықпен сыналып, қамыс шыпта төселген. Ғар бұрандалы баспалдақ арқылы намаз оқитын мешітпен байланысады, бұл жан-жағы 5м жобадағы жартылай жер асты мекенжайы. Қабырғасы кірпішпен қаланып, төбесі жабылған. Орталық бөлігі 8 қырлы ағаш діңгекке тіреледі. Батыс қабырғасында шағын Михраб бар. Еденіне шаршы кірпіш төселген. Намаз залына өтетін есік жалпы залдан шығады, соңғы зал төрткүл көлемді үй. Төбе өрліктері көптеген ағаш діңгектерге тіреледі. Төбесінде желдеткіш тесіктері-шаңырағы бар. Үйдің ортаңғы бөлігі ағаш күмбезбен көмкеріліп, балшықпен сыланған. Қабырғасында балшық сөрелер бар. Әдетте діндарлар дем алатын болған. Діңгектердің ішкі құрылымы сәндәк қызыметті атқарады. Діңгектердің оюлары Түркістанның ерекше стилін сипаттайды. Бұл Діңгектердің бір бөлігі қазіргі кезде Ташкенттің Өнер музейіне қойылған. Археологиялық зерттеулер көрсетіп отырғандай, кіші зал, ортақ зал, Қылуат құрылысының 2-кезеңін құрайды, бұл XV-XVI ғасырларға жатады, басқа құрылыстар XVIII-XIX жүзеге асырылған. Қазақстан аумағында әр ғасырда салынған үлкенді-кішілі 20-ға жуық Қылуат бар.

Қылуат жер асты мешіті – түркі әлемінің рухани тарихындағы ерекше орын. Ол тек діни ескерткіш емес, сонымен қатар мәдени-тарихи мұра. Қожа Ахмет Ясауи ілімі арқылы бұл орын Түркістанның басты туристік орталығына айналып отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі :

1. Қожа Ахмет Ясауи кесенесі. Энциклопедия. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2015.

2. Түркістан қаласының тарихи орындары. – Түркістан, 2021.

3. Мұхамеджанов Ә. Түркістан және Ясауи мұрасы. – Астана, 2019.

4. Түркістан энциклопедиясы I том-2023 ж.-440 б.

Интернет дереккөздері: www.visitturkistan.kz, www.tourism.gov.kz.

<https://www.facebook.com/share/p/1KNgmJoEtc/>

ЕЖЕЛГІ ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫНЫҢ ТУРИСТІК ӘЛЕУЕТІ

Ескі Түркістан — түркі әлемінің дәстүрлі рухани орталықтарының бірі, ортағасырлық сәулет және діни зиярат орны ретінде ерекше тарихи мәнге ие. Қазіргі кезеңде қаланың туристік бағытын ұтымды дамыту арқылы аймақ экономикасын және халықаралық мәдени байланысты күшейту мүмкіндігіне ие. Қаланың тарихи-мәдени нысандарын сақтай отырып, сапалы туристік тәжірибе құру — жергілікті қауымдастықтың әлеуметтік-экономикалық әл-ауқатын арттырудың маңызды құралы.

Ежелгі Түркістан қаласының туристік өркениеті – бұл терең тарихқа, мәдени маңызға және діни құндылықтарға негізделген, соңғы жылдары заманауи инфрақұрылыммен толықтырылып, қарқынды дамып келе жатқан бірегей жүйе.

Ежелгі Түркістан қаласының терең тарихи-рухани өркениетін бүгінгі заманауи Түркістанның туристік келбетімен ұштастыру – қаланың дамуындағы басты стратегиялық бағыт. Бұл ұштастырудың негізгі мақсаты – көне мұраны сақтай отырып, оны заманауи туризм талаптарына сай насихаттау және келушілерге бірегей тәжірибе ұсыну.

Қазіргі Түркістанның туристік өркениеті – ежелгі рухани-тарихи өзекті (Қожа Ахмет Ясауи Кесенесі, Күлтөбе) сақтап, оны жаңа, заманауи инфрақұрылыммен және туристік өнімдермен толықтыру арқылы қалыптасқан. Түркістанды тек қазақ халқы үшін ғана емес, бүкіл түркі әлемі және халықаралық туристер үшін тартымды орталыққа айналдыруда.

Түркістанның туристік өркениетінің негізгі үш құрамдас бөлігі бар:

1. Рухани және Тарихи Негіз (Foundation)

Түркістан туризмінің бастауы мен ең басты тартылыс күші – оның **"рухани астана"** мәртебесі.

Қожа Ахмет Ясауи Кесенесі: Бұл ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мұралар тізіміне енген ескерткіш. Кесене тек сәулет өнерінің ғана емес, сопылық ілімнің орталығы ретінде **Зиярат туризмінің (Қажылық туризмінің)** басты нысаны болып табылады. Мұсылман әлемінде кесенеге "Екінші Мекке" ретінде келу дәстүрі қалыптасқан.

Көне Яссы (Күлтөбе): Археологиялық зерттеулер қазіргі Түркістанның ежелгі орны – Күлтөбе қалашығына сәйкес келетінін дәлелдейді. Күлтөбедегі қазба жұмыстары қаланың 2000 жылдық тарихын айғақтайды. Бұл орын тарихи-танымдық (археологиялық) туризм үшін үлкен маңызға ие.

Қазақ Хандығының Астанасы: Түркістан XVI-XVIII ғасырларда Қазақ хандығының саяси және экономикалық орталығы болды. Кесенеде Қазақ хандары мен белгілі тұлғалардың жерленуі қаланың ұлттық және мемлекеттік тарихтағы маңыздылығын арттырады.

«Әзірет Сұлтан» музей-қорығы: Кесене мен оның айналасындағы тарихи кешендердің (Есімхан кесенесі, Рабиға Сұлтан Бегім кесенесі, Шығыс моншасы, Шілдехана) біріккен орны.

2. Өркениеттік кластер (Civilizational Cluster)

Түркістанның туристік өркениеті тек оның орталығымен шектелмейді, ол ежелгі өркениеттің даму жолымен тығыз байланысты:

"Алтын Үшбұрыш" маршруты: Түркістан қаласы, оның рухани ұстазы – **Арыстан баб** кесенесі және Орта Азияның ірі ортағасырлық қалалары – **Отырар** мен **Сауран** қалашықтары бір туристік бағытқа біріктірілген. Бұл "Ұлы Жібек Жолы" туризмінің негізгі осі болып табылады.

Мәдениет пен білім орталығы: Орта ғасырларда Яссы діни білім мен ғылымның, сопылық ілімнің орталығы болды. Қазіргі таңда Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік Университетінің болуы осы дәстүрді жалғастырады және **ғылыми-танымдық туризмнің** дамуына негіз болады.

Гастрономия және қолөнер: Көне қаланың туристік өркениеті қазіргі заманда дамып келе жатқан **ұлттық қолөнер шеберлері орталығы** мен **дәстүрлі түркі асханасы** арқылы толығыады. Бұл туристерге тарихи тәжірибені сезінуге мүмкіндік береді.

3. Заманауи даму және инновация (Modern Development)

Облыс орталығы мәртебесін алғаннан кейін Түркістанның туристік өркениеті жаңа серпіліс алды:

"Smart-City" элементтері: Қаланың инфрақұрылымы (әуежай, жаңа қонақүйлер, ірі сауда орталықтары) туристік ағынды қабылдауға бейімделген. "Керуен-Сарай" сияқты ірі кешендер тарихи сауда дәстүрін жаңа форматта жалғастырады.

Сәулеттік үйлесім: Жаңа әкімшілік және мәдени нысандарды салу кезінде ортағасырлық сәулет элементтерін (күмбездер, шығыс нақыштары) қолдану арқылы қаланың тарихи келбеті мен заманауилығы үйлесім табады.

Туристік әлеуетті кеңейту: Туризмді негізгі үш бағытта (тарихи-рухани, экологиялық және емдеу-сауықтыру) дамыту арқылы қаланың жалпы туристік тартымдылығы артады. Қаратау қорықтары, Сарыағаш шипажайлары сияқты аймақтар Түркістан кластерінің бөлігіне айналуады.

Мақсаты

- Ескі Түркістан аумағында мәдени-тарихи ресурстарды сақтай отырып, тұрақты және интеграцияланған туристік өркениет қалыптастыру үшін стратегия мен іс-қимыл жоспарын әзірлеу.

• Түркістанды "Әлемдік Ислам және Түркі Цифрлық Мұрасының Бас Орталығына" айналдыру.

Міндеттері

- Қаладағы тарихи-негізгі нысандар мен олардың ағымдағы күйін карталау;
- Туризм инфрақұрылымының жағдайын бағалау (қонақжайлылық, жол, ақпараттық жүйе, гидтер);
- Туристік өнімдер мен маршруттарды жобалау , архео, этно, білім беру туризм);
- Қолдануға жарамды даму модельдері мен институционалдық тетіктерді ұсыну;
- Ұзақ мерзімді мониторинг пен бағалау жүйесін қалыптастыру.



Жаңашыл Идеялар (Innovation Pillars)

Идеяның Атауы	Мазмұны және Іске Асыру Механизмдері	Күтілетін Нәтиже
I. Рухани VR-Саяхат	Тұжырымдама: "Әзірет Сұлтан" қорық-мұражайының аумағында арнайы Виртуалды Шындық (VR) Павильонын құру. Контент: Туристер Ясауи заманындағы Яссы қаласына саяхат жасайды, кесененің салыну сәтін көреді және оның медресесіндегі дәрістерге "қатысады".	Туристердің тарихқа деген қызығушылығын арттыру және туризмнің жаңа түрін (VR-туризм) енгізу.
II. "Рухани байланыс" Интерактивті Картасы	Тұжырымдама: Қаланың барлық тарихи және киелі орындарын (ғибадатханалар, жерасты мешіттер, Отырар, Сауран) біріктіретін 3D-толықтырылған шындық (AR) қосымшасы . Турист нысанға жақындағанда, телефоны арқылы оның бұрынғы бейнесін, тарихи деректерді және аудио-гидті көреді.	Ақпараттың қолжетімділігін жеңілдету және "Цифрлық Гид" қызметін стандарттау.
III. "Мәдениет Коворкингі" және резиденциясы	Тұжырымдама: Ескі қала маңында Түркі Әлемінің жас өнер және IT-мамандарына арналған тұрақты резиденция-орталық құру. Мұнда олар туристік өнімдерді, сувенирлерді, кино және анимациялық жобаларды (Ясауи туралы) жасайды.	Креативті индустрияны дамыту, туризмді маусымдықтан тыс уақытта да белсендіру, бірегей сувенирлік өнімдерді ұсыну.
IV. Эко-Логистика (Zero Emission)	Тұжырымдама: Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің қорғау аймағында жеке көліктерге толық тыйым салу . Тек	Экологиялық жағдайды жақсарту және "таза"

Идеяның Атауы	Мазмұны және Іске Асыру Механизмдері	Күтілетін Нәтиже
	қана күн энергиясымен жұмыс істейтін шағын шаттлдар немесе арнайы "тарихи велосипедтер" қызметін енгізу.	қажылық (эко-зиярат) брендин қалыптастыру.

Инфрақұрылым және Сервисті жаңа форматта жасау

1. "Яссы Хан" Бутик-Отельдер Жүйесін құру

Идея: Ірі, көп қабатты қонақүйлердің орнына, ескі қаланың сәулетіне үйлесімді, 2-3 қабатты, ұлттық нақышта безендірілген **"бутик-отельдер"** мен **"тарихи хостелдер"** желісін дамыту. Бұл туристерге дәстүрлі қонақжайлылық атмосферасын сезінуге мүмкіндік береді.

2. Қолөнер мен Гастрономияны Интеграциялау

"Дәм және Дәстүр" Орталығы: Туристік аймақтың ортасында дәстүрлі түркі асханасының үздік үлгілері ұсынылатын және қолөнер шеберлерінің жұмысы демонстрацияланатын орталық құру. (Ас әзірлеуді көру, киіз басуға қатысу).

3. Сувенирлік Жаңғырту: Қытайдан әкелінген стандартты сувенирлердің орнына, "Мәдениет Коворкингі" резиденциясында жасалған **NFT форматындағы цифрлық сувенирлер** (коллекциялық қолөнерлер) немесе жоғары сапалы, қолдан жасалған бұйымдар сату.

4. Қызмет Көрсету

"Мейірімділік Стандарты": Түркістанның рухани мәртебесіне сай, қызмет көрсетуші персоналға арналған ерекше этикалық және мәдени стандарттарды бекіту. Персонал тек кәсіби тұрғыдан ғана емес, сонымен бірге тарихи және рухани білім тұрғысынан да дайындалуы керек.

5. Қаржыландыру тәсілі

"Рухани Қор": Жобаның бір бөлігін (мысалы, VR-павильон, AR-қосымша) Түркі әлемі елдерінің бірлескен Мәдени және Инновациялық Қоры арқылы қаржыландыру.

6. Инвестиция тарту: Салықтық жеңілдіктер ұсыну арқылы (әсіресе эко-туризм және бутик-отельдер салу үшін) шағын және орта бизнестің инвестициясын тарту.

Күтілетін Нәтижелер (5 жыл ішінде):

Туристердің сапасы: Санымен қатар, **"өмір сүру ұзақтығын"** арттыру (туристердің Түркістанда 3-4 күннен артық болуы).

Брендтің айқындығы: Түркістанды тек "кесене" ретінде емес, "тарих, технология және руханияттың тоғысқан орны" ретінде таныту.

Түркістанның туристік моделін басқа тарихи қалаларға үлгі ретінде ұсыну.

ӘЛҚОЖА АТА КЕСЕНЕСІ

Біз - ұлан ғайыр жері мен аса бай рухани тарихы бар елміз. Ұлы даланың көз жеткізгісіз кең-байтақ аумағы тарихта түрлі рөл атқарған.

Түркістан – күллі түркі халықтарына ортақ, әлемге әйгілі қасиетті де киелі мекен. Бұл ең алдымен ислам дінін таратушыларының бірі, сопылық ілімнің негізін қалаушы, ғұлама, ақын, философ Қожа Ахмет Яссауи, Әлқожа бабаларымыз жерленген өңір.

Бүгінгі Түркістан атырабында, қазақ даласында ислам өркениетінің шырағданын маздатқан Ұлық бабалар мазары көптеп кездеседі. Мазар басына жергілікті тұрғындармен қатар түркі жұрағатынан зиярат етіп келушілер көп. Зияратшылардың көпшілігі қасиетті баба атын білгенімен, баба рухының қастерлігі неде екендігін толық түсінбейді. Бүгінгі ғылыми жұмысымызда Түркістан өлкесі жауһарларының бірегейі Әлқожа бабамыздың қасиетіне тоқталуды мақсат етіп отырмыз.

Қазақ халқының қарашаңырағы көне Түркістан қаласын көркейту, оның Орта ғасырдағы, XVII-XIX ғасырлардағы халқымыздың бірлігіне, ынтымағына зор қызмет еткен саяси-мәдени рөлін бүгінгі, ертеңгі ұрпаққа насихаттау бағытында өткен ғасырдың соңғы жылдары, жаңа ғасырдың басында Үкімет тарапынан біраз жұмыстар атқарылды.

Түркістанда жүздеген хандарымыз бен билеріміздің, батырларымыз бен ақындарымыздың, әулие-әмбиелеріміздің мазарлары бар. Бабалар сөзімен айтқанда Түркістан – түмен бап жатқан киелі қабірстан.

Әлқожа ата Қожа Ахмет Яссауидің күйеу баласы және немере інісі. Насабнама деректеріне сүйенгенде, Қожа Ахмет Яссауидің әкесі Ибрахим шейхтің екі ұлы бар. Бірі Қожа Ахмет Яссауидің өзі болса, екіншісі Садр ата болды. Қожа Ахмет Яссауидің бір ұлы, бір қызы және асырап алған қызы бар. Ал, Садр атаның екі ұлы бар. Насабнаманың кейбір деректері және де халық аузынан таралған аңыз бойынша Ахмет Яссауи және Садр ата екеуі тек ағайынды бауырлар ғана емес, құда болып келеді. Насабнаманың жеті редакциясына сүйенсек, бірінші, үшінші, жетінші редакцияларда Гаухар ана мен Әбд әл-Мәлік қосылып, олардан Садан қожа туады. Ал, екінші, бесінші редакцияларда Гаухар мен Сүлеймен қосылып, олардан Ахмет қожа дүниеге келеді және Ахмет қожа өз қызы Гаухарды Әбд әл-Мәліктің ұлы Әбд әл-Уәлиге ұзатады. Ел аузында осы

деректемелер көп кездеседі. Және біз Гаухар ана мен Әл қожа атаны бір жанұя деп есептейміз.

Әлқожа ата кесенесінің табиғи және антропогендік факторлар әсерінен бұзылу дәрежесін анықтап, оның ұзақ мерзімді сақталуын қамтамасыз ететін экологиялық-климаттық картаны құрастыру болып табылады.

Халық аузындағы аңызға қарағанда, Әлқожа ата Қожа Ахмет Ясауидің күйеу баласы, яғни Гаухар ананың күйеуі болған. Бұл бірнеше жыл бұрын адам аяғы баспайтын, қараусыз жатқан жер болған. Әлқожа ата кесенесіне абаттандыру жұмыстары жүргізілгенін кесене алдындағы жер тегістеліп, бау-бақшасы ретке келтірілген. Кесенеге келуші туристерге арналған жолдарға тас төселіп, жарық шамдар мен арнайы орындықтар орнатылған. Электр желілері толығымен қайта жаңартылып, кесененің ішкі және сыртқы қабырғаларындағы кейбір орын алған олқылықтар қайта түзетілген.

Кесене алдындағы Көк тас та қасиетті саналады. Ертеде адамдар тастағы ойықтан су ішкен адамға көкжөтел, тыныс жолдары аурулары жоламайды деп сенген. Әлі де осы тасқа барынша сеніп келіп жатқандардың қарасы көп. Көпшілікке намаз оқу үшін қайта ашылып, қазір жергілікті тұрғындар үшін мешіттің де рөлін атқаруда.

Ахмет Ясауи мен оның жанұясы жайлы ел аузында көптеген аңыз әңгімелер сақталған. Ауызша тараған деректерге сенсек Ахмет Ясауидің бір қызы, бір ұлы ғана болған. Ұлы жас кезінде Сүйір деген тайпаның қолынан қаза болған, ал қызы бой жеткен соң Ахметтің ағасы Садр шейхтің ұлы Әбд әл – Мәлікке тұрмысқа шыққан және олардан тараған ұрпақ Ахмет Ясауидің де тікелей ұрпағы есептеледі.

2008 жылы Алматыда (Дайк Пресс) Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Өзбекстанның А.Р. Беруни атындағы Шығыстану институты, Халықаралық Қазақ-Түрік университеті бірігіп «Исламизация и сакральные родословные в Центральной Азии: Наследие Исхак Баба в нарративной и генеалогической традициях» деген үлкен жинақтың 2-ші томы басылып шықты. Мұнда «Насабнама» шежіресінің 33 қолжазбасы қарастырылып, негізгі алты редакциясы орыс тіліне аударылып берілген. Ол редакциялардың төртеуі түркі тілінде, екеуі парсы тілінде жазылған. «Насабнама» қазақ қожаларының 12 әулеті мен Қазақстанға көршілес аймақтарға таралған қожа әулеттерінің киелі тарихы болып табылады. Соңғы табылған қолжазбалар «Насабнаманың» алты сыни мәтіні 10 қолжазбаның негізінде жасалып, олардың аудармаларының түсінігін жасауға жеке адамдардың қолынан алынған 24 қолжазба пайдаланылған. Кітапта кісі аттары мен жер, су атауларының, термин сөздердің көрсеткіштері мен қолжазбалардан алынған, ауызекі әңгімелесу кезінде жинақталған тоғыз түрлі материалдар тобы берілген. Бұларға шежірелер, хронологиялық көрсеткіштер, мөрлер тізімі, әдебиеттер жатады

Қожалар - қасиетті құранды түсіндіріп халыққа жеткізуді өздеріне мұрат еткен ұрпақ. «Қожа» сөзі – оқымысты, мырза мағынасында ислам діні тараған елдерде діни адамдарға берілетін құрметті лауазым болса, парсы тілінен аударғанда «хваджа» - “еге”, “ие”, “мұсылмандықтың егесі”, ал араб тілінен аударғанда “ағартушы”, ұстаз деген мағынаны білдіреді. Қожалар елдің рухани өмірінде мұсылмандық мәдениетінің ең жоғарғы қызметшісі, атқарушысы, орындаушысы, сондықтан да Орта Азия халықтары мен қазақтар арасында Ислам дінін таратып, уағыздаушы әрі Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың Қожалар шежіресінің бастауы саналатын Әбу Бәкір Сыддық – ислам дінінің ең ардақты тұлғаларының бірі, Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) ең жақын досы, сенімді серігі, ізбасары, бірінші халифы. Әбу Бәкірге «Сыддық», -деген атты халық берген, ал оның төл аты Абдуллах болған.

Әбу Бәкір Алланың елшісін, Құранды, мұсылмандықты ерлердің ішінен алғаш қабылдаған сахаба. Ол өзінің ақылы мен шешендік қабілетіне сүйеніп, кедей мұсылмандарға Әбдімәлік Түркістанда Қожа Ахмет Ясауидің медреселерінде және мешітінде қызмет атқарады. Тіпті, Ясауимен бірге екі рет Меккеге қажылық жасаған деседі.


Өз кезеңінде Әбдімәлік ата Түркістан өңірінде ірі тұлға саналған. Оның ислам діні үшін сіңірген еңбегін түркі жұрағатының данасы Ахмет Ясауи өте жоғары бағалаған. Онымен құда болып, Әбдімәліктің баласы Әлиқожаға (Әлқожа) қызы Гауһарды қосқан. Қ.А.Ясауидің артында қалған барлық мұраларын кейінгі ұрпаққа жеткізуде Әлиқожаның сіңірген еңбектері зор. Ясауидің сүйікті шәкірттерінің бірі болған.

Ахмет Ясауи мен оның жанұясы жайлы ел аузында көптеген аңыз әңгімелер сақталған. Ауызша тараған деректерге сенсек Ахмет Ясауидің бір қызы, бір ұлы ғана болған. Ұлы жас кезінде Сүйір деген тайпаның қолынан қаза болған, ал қызы бой жеткен соң Ахметтің ағасы Садр шейхтің ұлы Әбд әл – Мәлікке тұрмысқа шыққан және олардан тараған ұрпақ Ахмет Ясауидің де тікелей ұрпағы есептеледі.

2008 жылы Алматыда (Дайк Пресс) Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Өзбекстанның А.Р. Беруни атындағы Шығыстану институты, Халықаралық Қазақ-Түрік университеті бірігіп «Исламизация и сакральные родословные в Центральной Азии: Наследие Исхак Баба в нарративной и генеалогической традициях» деген үлкен жинақтың 2-ші томы басылып шықты. Мұнда «Насабнама» шежіресінің 33 қолжазбасы қарастырылып, негізгі алты редакциясы орыс тіліне аударылып берілген. Ол редакциялардың төртеуі түркі тілінде, екеуі парсы тілінде жазылған. «Насабнама» қазақ қожаларының 12 әулеті мен Қазақстанға көршілес аймақтарға таралған қожа әулеттерінің киелі тарихы болып табылады. Соңғы табылған қолжазбалар «Насабнаманың» алты сыни мәтіні 10 қолжазбаның негізінде жасалып, олардың аудармаларының түсінігін

жасауға жеке адамдардың қолынан алынған 24 қолжазба пайдаланылған. Кітапта кісі аттары мен жер, су атауларының, термин сөздердің көрсеткіштері мен қолжазбалардан алынған, ауызекі әңгімелесу кезінде жинақталған тоғыз түрлі материалдар тобы берілген. Бұларға шежірелер, хронологиялық көрсеткіштер, мөрлер тізімі, әдебиеттер жатады.

Насабнаманың **біріншісі** Сафи ад-дин Орын қойлақының «Өсиетнамасынан» алынған және оны қосымша 19 нұсқамен толықтырған. Бұл құжат бойынша Ахмет Ясауидің әулеті төмендегіше болады:



Бұл құжатта А.Ясауидің екінші өкіл қызы Жәмилә жайлы айтылмайды, тек қосымша нұсқада алынған дерек бойынша «Ахмет Ясауи Әбд әл-Мәлікке өзінің қызын берді. Бұл некеден жалғыз ұл – Садан қожа туды, оның лақаб аты Сүлеймен Уәли. Оның ұлы Хазірет Ахмет қожа ата» делінген кітаптың 77 бетінде 1.4,1.5,1.8, қосымша нұсқалардан алынған мына дерек берілген: «Қожа Ахмет Ясауиге келсек, оның Жәмилә атты қызы бар еді, оның лақаб аты Гаухар Хуш Тадж болатын. Ол қызын Әли қожа атаға берді, олардан Садан қожа ата туылған».

Әлқожа ата Қожа Ахмет Яссауидің күйеу баласы және немере інісі. Насабнама деректеріне сүйенгенде, Қожа Ахмет Яссауидің әкесі Ибрахим шейхтің

екі ұлы бар. Бірі Қожа Ахмет Яссауидің өзі болса, екіншісі Садр ата болды. Қожа Ахмет Яссауидің бір ұлы, бір қызы және асырап алған қызы бар. Ал, Садр атаның екі ұлы бар. Насабнаманың кейбір деректері және де халық аузынан таралған аңыз бойынша Ахмет Яссауи және Садр ата екеуі тек ағайынды бауырлар ғана емес, құда болып келеді. Насабнаманың жеті редакциясына сүйенсек, бірінші, үшінші, жетінші редакцияларда Гаухар ана мен Әбд әл-Мәлік қосылып, олардан Садан қожа туады. Ал, екінші, бесінші редакцияларда Гаухар мен Сүлеймен қосылып, олардан Ахмет қожа дүниеге келеді және Ахмет қожа өз қызы Гаухарды Әбд әл-Мәліктің ұлы Әбд әл-Уәлиге ұзатады. Ел аузында осы деректемелер көп кездеседі. Және біз Гаухар ана мен Әл қожа атаны бір жанұя деп есептейміз.

ӘЗІРЕТБЕРГЕНОВ ЖАРЫЛҚАСЫННЫҢ ӨНЕГЕЛІ ӨМІРІ – ЖАС ҰРПАҚҚА ҮЛГІ

Тәуелсіз Қазақстанның басты байлығы – ел бірлігі мен рухани тұрақтылық. Осындай құндылықтарды нығайтуда ел ішінде еңбек етіп жүрген абыройлы азаматтардың еңбегін танып-білу, ұрпаққа өнеге ету аса маңызды. Солардың бірі – Түркістан өңірінің құрметті азаматы, қоғам қайраткері Жарылқасын Әзіретбергенов. Ол саналы ғұмырын туған елдің өркендеуіне, рухани-мәдени дамуына, ұрпақ тәрбиесіне арнаған тұлға.

Оның өмір жолын, қоғамдық қызметін зерттеу – тек бір азаматтың өмірбаянын тану емес, тұтас өңірдің тарихы мен мәдени дамуын түсінудің бір бөлігі.

Әзіретбергенов Жарылқасын — Түркістан өңірінің беделді қоғам қайраткері, облыстық ақсақалдар алқасының төрағасы, «Еңбек ардагері» атақтарын иеленген, сондай-ақ «Қаламыздың Құрметті азаматы» ретінде танылған азамат. Ол өңірде қоғамдық-рухани жұмыстарға белсенді қатысып, жергілікті халықтың құрметіне бөленген тұлға болған.

Әзіретбергенов Жарылқасынның өмірбаяны

Қазақ халқы ежелден-ақ қариясын қадір тұтып, “Қарты бар ел – қазыналы ел” деп білген. Сол дәстүрдің бүгінгі көрінісі – ел арасында абыройлы, сөзі өтімді, ісі өнегелі ақсақалдар. Осындай парасат пайымы биік, рухани бай тұлғалардың бірі – **Жарылқасын Әзіретбергенов**.

Ол Түркістан өңірінде көп жылдар бойы елдің игілігіне еңбек етіп, қоғам мен ұрпақ тәрбиесіне зор үлес қосқан абыз ақсақал. Қазіргі таңда Жарылқасын ақсақал – 17 баланың әкесі, отыздан астам немере мен жиырмадан астам шөберенің асқар таудай атасы.

Балалық шағы

Жарылқасын Әзіретбергеноұлы 1940 жылдың қаңтар айында Сырдария өзенінің бойында, киіз үйде дүниеге келген. Алайда ресми құжаттарында туған жылы 1939 жылдың 29 маусымы деп көрсетілген. Бұл оқиғаның өзіндік тарихы бар.

Оның әкесі — **Әзіретберген Сәулебайұлы**, анасы — **Бексұлу Құрманқызы**. Отбасында 18 бала дүниеге келгенімен, олардың төртеуі ғана – үш қыз және Жарылқасын – ержетіп, өмірден өз орнын тапқан. Әзіретберген ақсақал елге танымал, өнерлі, өлең шығаратын, шабандоз адам болған.

Бір күні қатарынан үш ұлын жоғалтқан қайғыдан күйзелген Әзіретберген өз ішкі жан қасіретін былай өлеңмен өрнектеген:

«Көкпар шапқан ұстайды ердің басын,
Құдайым көрер ме екен көздің жасын.
Ақ жарылқап күн туып бір ұл берсе,
Қояр ем оның атын Жарылқасын».

Көп ұзамай анасы жүкті болып, дүниеге ұл келеді. Сол сәтте әкесі ауылдық кеңеске асығып барып, перзентінің туу туралы куәлігін ертерек жаздырып алады. Сөйтіп, баласына Жарылқасын деп ат қояды. Бұл есімнің өзі – ата-ананың өмірге деген үміті мен Тәңірге шексіз шүкіршілігінің айғағы.

Жарылқасын бес жасында әкесінен айырылып, анасының қамқорлығында өседі. Балалық шағы соғыстан кейінгі қиын жылдарға тұспа-тұс келді. Үйдегі ауыртпалыққа қарамастан, ол жастайынан еңбекқор, ұқыпты, елгезек болып өсті.

1946 жылы әпкесінің жетегімен Амангелді ауылындағы бастауыш мектепке (қазіргі Түркістан ауданы, Нұртас ауылы) барады. Мектепті жақсы оқып, ұстаздарының сүйіктісіне айналады. Одан кейін білімін Отырар ауданындағы Балтакөл ауылындағы “Ағарту” жеті жылдық мектеп-интернатында жалғастырады. Бұл мектепті мақтау қағазымен тәмамдайды.

Оқу бітірген соң туған ауылына оралып, колхоз жұмысына араласады. Алайда оның арманы – оқу, білім алу еді. Сол мақсатпен 1950 жылдардың ортасында анасының рұқсатымен Түркістан қаласына жасырын кетіп, оқу іздейді.

Түркістандағы мектептерге қабылданбай қалғанымен, тағдыр оған басқа мүмкіндік сыйлайды. Кездейсоқ жағдайда Түркістан педагогикалық училищесіне қабылданып, жеті пәннен емтихан тапсырып, үздік нәтижемен оқуға түседі.

Білімге құштар жас жігіт училищені қызыл дипломмен тәмамдайды. Содан соң өзі білім алған Балтакөл ауылындағы «Ағарту» мектебінде ұстаздық қызметін бастайды. Кейін туған жері Амангелді ауылына оралып, мектеп директорының орынбасары болады.

Осы кезеңде ол Шымкент педагогикалық институтына сырттай оқуға түседі, сондай-ақ «Қазақстан мұғалімі», «Лениншіл жас», «Мәдениет және тұрмыс» сияқты республикалық басылымдарға мақалалар жазып, педагогика мен тәрбие тақырыбында ой қозғай бастайды.

1967 жылы Жарылқасын Әзіретбергенов Бүргем ауылындағы мектепке директор болып ауысу ниетінде болған. Бірақ сол жылдары оның ұйымдастырушылық қабілеті мен беделін жоғары бағалаған аудан басшылары оны партиялық қызметке ұсынды.

Сөйтіп, ол Түркістан ауданына қарасты Амангелді колхозының партия ұйымының хатшысы болып сайланады. Бұл кезде колхоз ішінде келіспеушіліктер мен әлеуметтік қиындықтар көп болатын.

Жарылқасын Әзіретбергенов өз білімін, сабырлылығы мен әділдігін пайдаланып, ұжымның берекесін қайта қалпына келтірді. Кейін осы колхоздың төрағасы болып тағайындалып, ауыл шаруашылығы мен әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуда айтарлықтай еңбек етті.

Ол басқарған жылдары ауылға жаңа мектеп, мәдениет үйі мен шаруашылық нысандары салынып, халықтың тұрмысы жақсарды.

Отбасы және адамдық болмыс

Жарылқасын ақсақал өмір жолында адалдық пен еңбекқорлықты серік етті. Жұбайымен бірге 17 бала тәрбиелеп өсірді. Балаларының бәріне білім алуды, елге қызмет етуді өсиет етті. Оның үлкені – 61 жаста, кенжесі – 11-де. Кенже ұлын “Алланың 70 жасымда берген сыйы” деп атайды.

«Еңбек ардагері» Жарылқасын Әзіретбергенов 87 жасқа қараған шағында дүниеден өтті.

Қоғамдық және мәдени қызметі

Әзіретбергенов Жарылқасын – Түркістан өңірінде қоғамдық тұрақтылық пен рухани жаңғыру ісіне үлкен үлес қосқан, елге сыйлы тұлға. Ол өз өмірін қоғамның бірлігіне, дәстүр мен дін сабақтастығын сақтауға және жас ұрпаққа өнегелі тәрбие беруге арнаған.

Жарылқасын Әзіретбергенов ұзақ жылдар бойы Түркістан облыстық ақсақалдар алқасының төрағасы қызметін атқарған. Бұл лауазым үлкен жауапкершілік пен парасаттылықты талап етеді. Ол өзіне жүктелген міндетті зор абыроймен атқарып, өңірдегі ақсақалдар ұйымының жұмысын жаңа деңгейге көтерген.

Оның бастамасымен облыстың әр ауданында ақсақалдар кеңестері мен жастар ұйымдары арасында ынтымақтастық форумдары ұйымдастырылған. Бұл шаралардың басты мақсаты – ел бірлігін сақтау, жастарды отансүйгіштік пен еңбекқорлыққа тәрбиелеу.

Жарылқасын ақсақал ел ішіндегі дау-жанжалдарды шешуде, тұрмыстық мәселелерге араласып, қоғамдық пікірді әділдік пен сабырлыққа бағыттауда ерекше рөл атқарған. Көптеген ауыл тұрғындары оны “ел ағасы”, “ақылшы абыз” деп сыйлаған.

Сонымен қатар, ол Түркістан қаласында өткен қоғамдық кеңес отырыстары мен әлеуметтік жобалардың тұрақты қатысушысы болған. Әсіресе әйелдер мен балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу, отбасылық құндылықтарды сақтау, жастар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу мәселелерін жиі көтеріп отырған.

Ол өзінің сөздерінде әрдайым:

“Қоғамның берекесі – бірлікте, ал бірліктің түбі – сыйластықта” – деп айтып, халықты татулық пен өзара түсіністікке шақырған.

2. Мәдени-ағартушылық қызметі

Жарылқасын Әзіретбергенов тек қоғамдық салада ғана емес, мәдени өмірде де белсенділік танытқан тұлға. Ол өңірде өткізілетін рухани және мәдени іс-шаралардың тұрақты қолдаушысы болды.

Оның қатысуымен Түркістан облысында “Достық керуені – бірліктің дәнекері”, “Ел ұйытқысы”, “Берекелі отбасы” секілді форумдар мен жиындар өтті. Бұл іс-шаралар ел ішінде татулықты, ұлтаралық келісімді, отбасылық құндылықтарды дәріптеуге бағытталды.

2018 жылы Отырар ауданындағы Талапты ауылында жаңа мешіттің ашылу салтанатында Жарылқасын ақсақал арнайы қатысып, халыққа ақ батасын берген. Бұл оның дін мен дәстүрдің сабақтастығын сақтауға деген зор ықыласын көрсетеді.

Сонымен қатар, ол Түркістан қаласындағы мәдени ошақтардың, мешіттердің және кітапханалардың дамуына үнемі қолдау көрсетіп отырған. Көптеген қайырымдылық шараларында демеушілермен байланыс орнатып, халыққа нақты көмек көрсетуге ат салысқан.

Оның мәдени бағыттағы қызметінің басты мақсаты – қазақ халқының рухани байлығын сақтау және келер ұрпаққа жеткізу болды. Ол жастарға

әрдайым ата-баба дәстүрін қастерлеуді, үлкенге құрмет пен кішіге ізет көрсетуді насихаттады.

Рухани жаңғыруға қосқан үлесі

Жарылқасын Әзіретбергенов ел Президентінің “Рухани жаңғыру” бағдарламасының негізгі қағидаларын өңірде жүзеге асыруда да белсенділік танытқан. Ол ұлттық сана мен мәдени мұраны жаңғырту жөніндегі кездесулерге қатысып, халыққа рухани құндылықтардың мәнін түсіндірумен айналысты.

Ол бірнеше рет БАҚ өкілдеріне берген сұхбаттарында:

“Рухани жаңғыру – тек кітап оқумен немесе тарихты білумен шектелмейді, ол – өз жүрегінді түзетуден басталады,” – деп, адамгершілік пен парасаттылықтың қоғамдағы маңызын ерекше атап өткен.

Жарылқасын Әзіретбергенов ұзақ жылдар бойы Түркістан облыстық ақсақалдар алқасының төрағасы қызметін атқарды. Бұл міндет қоғамдағы үлкен жауапкершілікті талап ететін маңызды қызмет. Ақсақалдар алқасы – халық пен билік арасындағы алтын көпір. Ол осы міндетті абыроймен атқарып, қоғамда келісім мен татулық орнатуға зор еңбек сіңірді.

Жергілікті елді мекендердегі дау-дамайды бейбіт жолмен шешу, тұрмыстық және отбасылық мәселелерде ақыл-кеңес беру, жастарды ізгілікке тәрбиелеу бағытында жұмыс атқарды.

Әзіретбергенов Жарылқасын Түркістан облысының рухани өмірінде белсенді рөл атқарды. Ол мешіттердің, мәдени және тарихи нысандардың құрылысына қолдау білдіріп, дін мен дәстүрдің сабақтастығын сақтау жөнінде насихат жүргізді.

2018 жылы Отырар ауданының Талапты ауылында жаңа мешіттің ашылу рәсіміне қатысып, батасын бергені туралы дерек бар. Бұл оның діни-рухани құндылықтарды қолдауға әрдайым ниетті болғанының дәлелі.

Жарылқасын ақсақал отбасылық ынтымақ пен әйелге құрмет, балаға жауапкершілік туралы жиі айтып, қоғамдағы зорлық-зомбылық пен ажырасу мәселелеріне алаңдаушылық білдірген.

Ол отбасын сақтау – елдің тұрақтылығының негізі деп санап, көпшілік алдында адамгершілік пен сыйластыққа шақырған.

«ТУҒАН ӨЛКЕ ТАҒЫЛЫМЫ»
I қалалық жас зерттеушілер арасындағы конференцияның фотолары





